

Қазақ сахарасы – сынақ алаңы

Кеңестік атом бомбалары туралы естелік жазушылар ядролық сынақ алаңына ел қоныстанбаған, Семей қаласының күнбатысында, облыс орталығынан 180 шақырым жердегі Дегелең тауының елсіз бөктері таңдалғанын жарыса қайталайды. Әскерилердің Балапан, Телкем, Ақтанберлі, Сарыөзен, Байкал, «Тәжірибе алаңы» атаған жазықта, кейіннен Дегелең тауы мен Балапан бұйратының қойны-қонышын ұңғып, жер астына да бойлап ядролық жарылыстар жасағаны – қазірде жария шындық. Ондаған емес, 470 мәрте! Сол дүңкіл 1949-1989 жылдар аралығында үздіксіз жүріп, байырғы Қазақ даласының жан-жануар дүниесін, тамылжыған табиғатын жоятын залалды эксперимент ай сайын бірнеше рет қайталанғаны туралы деректер бертінде жарық көрген ғылыми кітаптарда ашық жазылған. Демек, көп жылдар бойы бүркелген құпия сынақтың беті ашылды. Бір деңіз. Екінші шындық: қырық жылдан астам уақыт төбемізден төнген дүңкілдерді естіп, табан астымызды дірілдеткен қатерді сезіп отырып, «Ау, бұларың не?» деуге шамамыз болмады. «Барлық сынақтар елсіз далада жасалды», – деген, полигон басшылары ойдан шығарған жалған ақпарды қарсылықсыз мойындадық. Бұл да сол уақыттың күйкі ақиқаты. Қасымыздағы көршіміздің аққан дертіне ұшырап, екі жастың біріне келмей ажал құшқанын, жарық дүниеге келген кейбір нәрестелердің мүгедек болып туғанына үнсіз налып, «Апыр-ау, осы дерттер неден?» деуге де батылымыз жетпеді. Неге? Соған наразылықтың басқа жайтқа байланып, үш қаріптен тұратын ұжымның бақылауына түсерімізді білгендіктен, қу жанымызды күйттегендіктен де момақан болдық. Иә, сонсоң соғысқұмар американизмін құрықтаудың бірден-бірі амалы осы, қару-жарағымыздың күштілігі... деген кеңестік идеологияның әсерінен де арыла алмадық. Партиялық ожданымыз да о кезде бекем болды...

Дей тұра тағы бір келеңсіздікті ескертуді парызым санаймын. Ол болса «Жариялылық заманы» туып, үш қаріптің қаһарынан құтылып, тотықұсша сайрауға еркіндік туғанда естелік жазушы кейбір замандастарым, әсіресе журналист жазымпаздар әскерилердің өтірігін, «Ядролық полигон елсіз аймаққа ірге тепті» деген бопсасын дәлелсіз растады. Ең ғажабы, сол ойды зиялы қауым өкілдері де қайталады. Мысалы, ата-бабасы Дегелеңнің оңтүстік бөктеріндегі Қалыбай бұлағын екі ғасыр бұрын қоныстанған Марал атаның бертінгі ұрпағы, есімі қазақ қауымына танымал демограф-ғалым Мақаш Тәтімов «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының «Аманат» газетінде жариялаған «Мен де Дегелеңнің бір бөлшегімін» (03.03.1990) деп атаған мақаласында «Сарыарқаның желі көбіне солтүстіктен оңтүстік-батысқа (?) қарай соғады. Ертеде сол жердің бағытында елді мекендер аз болған, халық сирек қоныстанған. Ядролық полигонды Семей жеріне орналастырудың бір себебі сол...» – дей келіп, Орта жүздегі қаракесек руының бес бошан тобына құтты қоныс болған (Мақаш ініміздің өзі де осы рудың қалыбай-қырқым бұтағының перзенті) Дегелең атырабын ерте кезден-

ақ елсіз аймаққа айналдырады. Жаңсақ тұжырым! Мақаш Тәтімов осы аймақты, өзінің мойындауынша, 1983 жылы ғана көрген, күллі өмірін Мәскеу мен Алматыда өткізген ғалым Сарыарқаның өкпек желі туралы да қате байлам жасаған. Анығында теріскейден үдей соққан өкпек жел Мыржық пен Дегелең арасындағы жазықты қардан тазартып, жергілікті халықтың қолындағы малына үнемі жайылым ашып отырғанын білмейді. Нақ осы жел – Мақаштың бес-алты атасы осы өңірді құтты қоныс етуіне басты себеп...

Мәскеудің «ИздАТ» баспасы 2002 жылы жарыққа шығарған, көлемі 654 бет, «КСРО-дағы ядролық сынақтар» аталған ғылыми монографиялар жинағында «Елсіз далаға ірге тепкен полигон» туралы тұжырым ресми құжаттармен бекіген.

Осы жинақтың 37-68-беттеріндегі «Семей полигонын салу, оның территориясында ядролық қаруларды сынайтын алаңдарды дайындау» деп аталған тарауда атомдық сынақ алаңын таңдауға кімдердің қатысқаны тәп-тіштеп баяндалған.

...Саров қалашығында әзірленген алғашқы бомбаның сұлбасы қарайғанда, яки 1947 жылдың жазында И.В. Курчатова Берияға барып: «Лаврентий Павлович, таяу уақытта бізге халық қоныстанбаған, айналасында кем дегенде 200 километрге дейін тірі жан тұрмайтын кең алаң керек. Сол жерде «бұйымды» сынаймыз. Оның жарылысы адамдар ғана емес, жан-жануар тірлігіне де қатерлі...» – деген. Ғылыми істен бейхабар, можантопай содырды өз ойына иландыру үшін АҚШ мамандарының ядролық сынақ алаңы үшін Нью-Мексика штатының «Өлім алқабы» аталған табиғаты аса қатаң, халық қоныстанбаған шөл даладағы Аламогор тақырын таңдағанын мысалға айтқан. Л. Берия сол күні-ақ КСРО ҒА-ның басшыларына жедел тапсырма түсірген. Елсіз аймақтың нендей іске қажет болғанын ашпай, сейсмикалық сілкіністерді қадағалайтын «Таулық станса» орналасады, кең алаң да солардың сынағына керек деген. Сол алаңды Ресей алқабынан емес, тек қана Орта Азия республикалары мен Қазақстан территориясынан табуды айрықша ескерткен. Географ мамандар «Таулық стансаға» қажет алаңды үкімет мүшесі нұсқаған республикалардың бәрінен де тауып, әрбіріне ғылыми сипаттамалар беріп, академия басшыларына ұсынған...

Ертістің сол жағалауындағы шалқар жазық сол тізімде бірінші кезекте аталыпты. 1-Бас басқарманың мамандары тізімге ілінген алқаптарды ұшақпен аралап, мұқият тексерген. Ядрошы мамандардың таңдауы ақырында ұлан-ғайыр Қазақ даласына түскен. Неге? Жер бетіндегі сынақтар – иен жазықтың кіндік ортасында, ал жер астындағы жарылыстар үшін Дегелең тауының қойнына түсетін ұңғымалар қазуға болады. Көл-көсір алқаптың жынысы қатты, ту ортада шошайған жалғыз тау гранит пен мәрмар тастан түзілген. Сол да жарылыс қуатын ерекше күшейтіп, кенеттен өрбитін тербелісті 100-150 шақырымға жеткізеді. Бір деңіз. Екіншіден, сол таудан 130 шақырым теріскейде арнасы кең, о күнде суы мол Ертіс өзені байырғы Қазақ даласын солтүстікке қарай жарып өтеді. Өзеннің арғы жағасы – қалың орман, ал бергі беті – суға түсіп, құм қайраңда күнге күйіп, емін-еркін сайрандауға Құдай тағала арнайы жаратқан демалыс орны. Демек, сол жер өндірістік база орнатып, казармалар мен тұрғын үйлер салуға қолайлы. Үшінші ерекшелік, Саровта дайындалған «бұйымды», өзгедей де керек-жарақты кемеге тиеп, Ертістің айдыны арқылы немесе темір жолмен бөгеусіз жеткізуге болады: Түрксіб темір жолының Семей бекеті өздері таңдаған жайдақ алаңнан небәрі 130 шақырымда. Төртінші, сол бекеттің түстігінде

көп-көрім әуежай бар. Бұл да Мәскеудегі отбасыларына жиі қатынауға, иә олардың өздеріне келуіне қолайлы, арнайы сайлағандай ұтымды жайт...

Қысқасы, Ертіс жағасына екінші мәрте ат басын бұрған шолғыншы топ (бұл жолы ВНИИЭФ ұжымының жетекшілері де келген) жатаған бұйраттар қаумалаған, әредік тұзды көлшіктер мен батпақты сортаңдар ағарандаған шалқар жазықты асықпай көріп, әрлі-берлі өлшеп, Дегелең мен Мыржық бөктеріне де соғып, екі таудың да қойны-қонышын шурфтар қазып тексереді. Сол сапарда-ақ мамандар бізге қажет алаң осы деген ойға тоқтаған. Бір ғана гәп шолғыншыларды алаңдатқан: кең аймақтың әр жерінен мұржалары сорайған қыстау үйлер мен ұсқыны жүдеу мал қораларын көреді; киіз үйлерде отырған малшы қазақтарды кездестіреді; Дегелең мен Мыржық тауларының арғы-бергі бөктерінде бірнеше ұжымшар бар екен, негізгі кәсібі – төрт түлік мал өсіру, тірліктері тек тым жұпыны...

Осы жайт 1-басқарма басшылары мен ВНИИЭФ жетекшілерін едәуір ойлантқан. Айдыны шалқар өзеннің (сол тұста ені бір шақырымға тақау) арғы-бергі жағасы – қалың ел. Жаңасемей қалашығынан аттанып, Ертісті жағалай ылдиға құлдилағанда бірнеше мекенді баса жүрген-ді, қазақ ауылдары екенін (Мұрат, Түркісіб, Шақаман, Социалистік, Бөкенші, Бөденелі, Молдар және Ақжар) жұпыны сұрқынан аңдаған, бәрі де өзен жағасына ентелей қоныстап, бау-бақша өсіріп, төрт түлік мал бағумен қоса балық та аулайды. Ағыны қатты, арналы дарияны жағалап иық тіресе орныққан ауыл-селолар Семейден 350 шақырым жердегі Павлодар қаласына дейін үзілмейтінін де картадан аңдайды. Ертістің сол жағалауы алаңқай далаға ұласып, оң жағалауын тұтасқан қалың қарағай қоршап, еңіске құлаған тұсында кеме тоқтайтын айлақтар ірге тепкенін де көреді. Олардың атауы: Ескі бекініс, Қайыңды, Долон, Семиярка, Мостик, Ақсу және бірнеше елді мекендер. Бұларды ешқайда көшіре алмайсың. Өйткені тұрғын халқы мол, бәрі де су жолында. Ал сынақ жасалмақ жердегі малшы қазақтарды, небәрі алты кеңшар құраған ұсақ шаруашылықтарды Бөрлі тауының арғы бөктеріне, одан да қашығырақ қоныстарға көшіруге болады. Сөйткен күнде Ертіс жағасынан 200 шақырым күнбатыс пен түстікке дейінгі шалқар даланы елсіз аймаққа айналдыру қиын емес деген желік ой, сірә, сол сапарда жетекші рөл атқарған...

Таңғалдырар гәп: осы мәселені талқылағанда білім-танымы жоғары білгірлердің бірде-бірі «Радиация залалы және өзгедей де қатері мол ядролық сынақты халық ежелден жиі мекендеген берекелі Ертіс жағасында, Қазақстанның үш облысы шекаралас болып, оған қоса Ресейдің Алтай өлкесі Құлынды даласы арқылы тоқайласатын, сол күнде екі миллиондай жан иесі қоныстанған (бертінде солардың саны жарты миллионға көбейген), ел экономикасына қайтарымы мол шұрайлы аймақтың ту ортасынан ядролық полигон ашуымыз қалай болады, күні ертең осы таңдаудан опық жемейміз бе?..» деген жайтты қаперіне алмаған. Түсініксіз бейғамдық, әлде Ресей империясына «өз еркімен бағынған» бұратана халықтарға деген бәз-баяғы ұлыорыстық немкұрайды пиғыл әсер еткен...

«КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабының 37-бетінде осы тапсырманы дайындауға қатысқан қайраткерлер мен ғалымдардың (А. Завенягин, М. Воробьев, М. Садовский және П. Рожанович) Л.П. Берияға жолдаған ресми хаты келтірілген: «...*Сейсмикалық таулық стансаның орны үшін Сізге ұсынылған бірнеше аймақтың ең қолайлысы, біздіңше, 1-кезекте аталғаны, Ертіс өзенінің сол жағалауындағы, Семей қаласынан 170 километр төмен жердегі халық қоныстанбаған аймақ (даралаушы біз – М.С.) Оның айналасы 200 км-ге дейін мидай жазық, содан әрі 4 метрден, кейде одан да биігірек ұсақ бұйраттар қоршаған. (...) Ескертуге мәжбүрміз: біз таңдаған алаңның басты кемшілігі – темір жолдан 170 шақырым (?) жырақта болуы және Семей қаласында бұрыннан ірге тепкен Қытай консульствосы (сірә, оны басқа бір қалаға ауыстыру жөн). Біз ұсынған аймақта су мүлдем жоқ, кейбір тұсында ғана шыңырау құдықтар бар, оның да су қоры мардымсыз. Ауа райы аса қатаң... Ұсынылған аймақтың жан-жақты зерттелген материалдарын осы хатпен бірге ұсынып отырмыз. Таулы станса салуға ұсынылған №1, яғни Ертіс атырабындағы алаңды бекітуді өтінеміз»*.*

* Бертіңде жарияланған естеліктерде осы жерді таңдаушы И.В. Курчатов екендігі айтылады. Неге сөйткенін төрт түрлі себеп келтіріп жоғарыда түсіндірдік. Шындығында ол өздері сынамақ қарудың нендей бүліншілік жасайтынын, табиғат пен жан-жануар әлеміне келтіретін зиянын болжай алмаған. Менің ойымша, жоғарыдағы хат та Игорь Васильевичтің жұртқа дабыра абырой-атағын қорғау үшін келтірілген. Осы алаңды таңдаушы Л.П. Берия деген лақап та сол үшін айтылған. Анығында ол бұл істен ештеңе сезбейтін нокай бастық қана...

Полигон туралы дайындалған үкімет жобасымен И.В. Сталин 1947 жылғы 19 маусымда танысып, бірінші бетіне «келістім, бекітемін» деп қол қойған. Маусым айының соңғы аптасында Берия бастаған қарамды топ (Курчатов, Харитон, Ванников, Завенягин, Қорғаныс министрі мен Бас штабтың бастығы) Семейге арнайы ұшақпен келген. Облыс орталығындағы әуежай – Ертістің сол жағалауындағы Шағыл жазығында. Төтенше сапармен келе жатқан КСРО-ның үкімет делегациясын Семей облысының қос басшысы А.Д. Гарагаш пен Х.Б. Байзақов, жергілікті КГБ-ның бастығы полковник В.А. Губин әуежайда қарсы алған. Ұшақтан түскен бетінде Ертісті құлдап, о күнде оппа-шұңқыры көп дала жолымен екі-үш сағат іздеп, жиырма-отыз үйлі Бөденелі елді мекенінен өткен соң-ақ, иен жазықтың Ертіске еңкейген тұсындағы жарбиған қазақ ауылының іргесіне келіп, ол болса Павлодар облысының «Ақжар» колхозына қарайтын Молдар елді мекені, жарқабақ үстіне тоқтайды. Сол жерге комиссия жеңіл палатка тігіпті. Айналасы ат шаптырым иен жазықтың әр тұсына қазық-қадалар қағып, сол төңіректі картаға түсіріп, келешек қалашықтың орнын межелеп қойыпты. Үкімет тобының біраз адамы дереу күнбатыс қиырға аттанып, жүз шақырымнан аса жер жүріп, Дегелең тауының етегіне жетіп, соның шоқтығы биік бір жотасынан теріскейде көлденең көсілген Мыржықтың ақар-шақар жоталарын дүрбімен шолады. Жолшыбай кездескен бұлақтар мен көлшіктердің жағасында колхоз малын баққан қазақтардың киіз үйлерін, әр жерде мыжырайған қыстаулары мен мал қораларын көреді. Содан кешке таман Ертіс жағасына қайтып оралып, өзенге шомылып, шаң-тозаңнан

арылып, сол жерде жайылған дастарқанға жайғасып, жол азабын ащы арақпен тарқатқан...

Лаврентий Павлович көмекшісі ұсынған планшеттен осы аймақтың картасын суырып, ВНИИЭФ ұжымының иелігіне берілетін Ертіс жағасындағы қомақты алқапты нұсқап, қарсы алдында қақшиып тұрған Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің бірінші секретары мен атқару комитетінің төрағасына былай дейді: «Қазық қағылған жерге таяу күндерде әскери бөлімше келіп, тұрғын үйлер тұрғыза бастайды. Бір ме? Екінші, арнайы мамандар тобы Ертіс өзенін бойлап, Түрксіб трассасынан жалау ілінген мына алаңға дейін тартылатын кең табанды темір жолдың жобасын әзірлеуге кіріседі. Бұл жол биылғы күзден бастап жедел қарқынмен салынады. Естерінде болсын, темір жол мен қалашық құрылысы келесі жылы толық бітеді, екі!.. Үшінші, осы жерден күнбатысқа дейінгі 200 шақырым иен жазық мемлекет қарамағына алынып, «Таулық стансаның» иелігіне беріледі. Төртінші, стансаның жұмысы өте құпия, сондықтан да облыс орталығындағы Қытай консульствосын бірер айда басқа қалаға көшіреміз, қытайлар наразылық білдірсе – мүлдем жабамыз. Ал сендер, жергілікті басшылар, осы атыраптағы елді мекендерді келесі көктемде басқа жаққа көшіруді қазірден бастап ойластырыңдар! Түсінікті ме?..» Адуын ғана емес, айбары да әлей әкімнің сырына сырттай қанық семейліктер: «Лаврентий Павлович, ұқтық, тура солай істейміз!» – деп құлдық ұрып, бастарын изеген. «Ұқсандар, сөз бітті!..»

КСРО үкіметі мен БКП(б) ОК-і сол құжатты 1947 жылғы 21 тамызда арнайы қарармен (2939-995 СС.ОП) бекіткен. Сол қарар бойынша, Ертіс жағасындағы «Сейсмикалық таулы станса» Ғылым академиясының қарамағынан алынып, КСРО Қарулы күштер министрлігінің иелігіне беріледі. Әскерилер соны ә дегенде «905-нысан» деп өзгертіп, 1948 жылдан кейін 52605-әскери бөлімнің «№2 тәжірибе алаңы» деп атаған. Осы төңіректегі халыққа ол «Әскери зона» деген атауымен мәшһүр болды. «Семей полигоны» атанып, 1949 жылдан беріде күллі әлемге мәлім болғаны да кешегі күндердің күйкі шындығы. Қысқасы, о күнде бір сөзді екі мәрте қайталамайтын үкімет төрағасының бірінші орынбасары қол қойған қарар бойынша, Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының шекара шебі өзара түйісетін ұлан-ғайыр кеңістіктен 18500 шаршы шақырым, периметрі бойынша 600 шақырым жер Арзамас-16-дағы құпия ұжымның №2 сынақ полигонына айналған. Осы алқаптың 54 пайызы Семей, 39 пайызы Қарағанды, 7 пайызы Павлодар облыстарының иелігінен алынып, әскерилердің қарамағына берілген. Бертінде бұл да аз делініп, Семей облысы Абыралы ауданының

1 миллион 908 мың гектар жерінің 445 мыңы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1955 жылғы 22 қаңтардағы қарарымен әскери ведомствоға қосымша берілген.

Осы аймақтың «халық қоныстанбаған елсіз дала» еместігі – көзге түртер ақиқат. Төмендегі естеліктер де сол шындықты айғақтайды...

Мүтән АЙМАҚОВ, «Көргендерім» кітабынан (Семей, 2001 жыл):

«...Менің ата-бабаларымның қонысы – Қарқаралы мен Семей аралығындағы аса шұрайлы, жайлауы құйқалы, жота-қыраттары

құндыздың түгіндей күзде де құлпырып тұратын таңғажайып өлке. XVIII ғасырдың ортасында Сыр бойынан күншығысқа құлаған Қаракесек руының ең соңғы тоқтаған жері осы. Содан бері бұл аймақ – Бауыр Бошанның құтты мекені аталған. Ол болса – менің нағашы жұртым Шаншарлардың Айбике бұтағы. Біздің ауыл халыққа әйгілі қаз дауысты Қазыбекке, сүйегі Түркістанда жатқан Жарылған батырға, дүлдүл күйші Тәттімбетке (Абайдың нағашыларына) өмір бойы жақын-жуық жүрген. Ескі құжаттарда осы атыраптағы қалың ел Семей облысының Қарқаралы оязына қарайтын Бөрілі болысы аталған. 1928 жылы Абыралы ауданына қарадық, осы аймақтың қақ жартысы, яғни Мыржықтың арғы беті 1932 жылы Қарағанды облысына қосылды.

Менің балалық шағым осы өңірде, Мыржық пен Дегелең тауларының баурайында колхозға біріккен қазақ ауылында өтті. (...) Мал өрісіне орай шашырай қоныстанған ауылдардың арасы төрт-бес шақырымнан. Әлбетте әр ауылда мектеп ашу мүмкін емес, қозы көш жерге жаяу-жалпы қатынап оқыдық. Бастауыш оқу ұясын бітірген соң өзім Дегелеңдегі орталау мектепке бардым, бірер жыл «Ұзынбұлақ» колхозының орталығындағы интернатта жатып оқыдым. (...) 1946 жылы, 19 жасымда әкем мені Семейге апарып, Абай атындағы педучилищеге берді. Кешегідей болған жоқ, сол оқуды бітіріп, бастауыш мектептің мұғалімі деген куәлікпен туған елге оралдым...

Соғыс бітіп, мамыражай уақытқа қолымыз жетті деген кезде біздің ауыл мазасыз көршілерге тап болды. Иә, 1946 жылы әскери киімді адамдарды жиі көретінбіз. Олардың машиналары Тарбақ, Майлықара, Дегелеңнің Әулие асуынан, кейде Керекудің Май ауданы жағынан келіп, әрлі-берлі өтеді. Таңғалып, соңдарынан қарап тұрамыз. Әлдебір жерден құрылыс салып жатқандай көрінеді. Мыржық қойнында мыс пен марганец кендері барын естігенбіз, терең құдықтар қазып, жер қыртысын тексеріпті-міс. Суды, топырақты, тау жынысын неге тексеретінін айтпайды. Ауылға соққанда қаланың жеміс-жидектерін әкеледі, басы артық әскери киімдерін де тастап кетеді. Ел о күнде тұт жалаңаш, соғыс зардабы әлі жойылмаған қиын кез...»

Академик, техника ғылымының докторы Ғалымқайыр ініміздің әкесі Мұтән ақсақал естелік кітабын жарық дүниемен қоштасар қарсаңда жариялаған. Өмірбаяндық хикаяттың қай сөзін, бала күнінен басынан кешкен қандай оқиғаны теріс дейміз? Жоқ, «Құлақпен естігенді емес, тәніммен сезіп, жан-жүрегіммен күйзелген, көзіммен көргендерді жазып отырмын...» – деп ағынан жарылып, елу жыл бойы ішінде сақтаған сырын ашқан кексеге рақмет деуіміз қажет...

Сейілхан БАЛТАБАЕВТЫҢ естелігінен (25 тамыз, 2014 жыл, қолжазба):

«...Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған әкем Дегелең бауырындағы Киров колхозының мүшелігінен шығып, Балапанда ашылған көмір кенішінің қорын зерттейтін Қаражал (сол кеніш қазірде Қаражыра аталады – М.С.) кен барлау партиясына қара жұмысқа түсті. Разведка қоныс еткен жерде

едәуір үй бар. Бірінші сыныпты сонда ашылған мектепте бастап, екінші, үшінші оқу жылдарын Киров колхозының орталығындағы оқу ұясында жалғастырдым. Ол болса сол күндегі қонысымыздан 6-7 шақырым жерде. Аяқ артар көлік болмағандықтан мектепке қысы-жазы жаяу қатынап, сабақтан бір күн қалғам жоқ. (...) Сол кезден есімде сақталған жайт: Қаражалға әскери адамдар жиі келетін, естуімше, Ертіс жағасында әскери қала салынбақ, бірақ оған біздің ауылдан ешкімді кіргізбейді, тәртібі қатаң дейді. «Олар сонда не істейді?» – деген сұрауыма, шәлдірік орысшасы бар әкем: «Әскери адамдар – біздің тыныштығымызды қорғаушылар, неғып жүрсіңдер деп сұрауға болмайды...» – деп қабағын шытады.

Бірде қызық болды: аспаннан гүріл естіліп, қанаты аппақалып құс біздің үйдің сыртындағы жазыққа қонды. Аэропланның сүгіретін оқулығымнан көргенмін, мынау нағыз сол, ауылдағы естияр балалардың бірі қалған жоқ, жарыса жеттік. Ұшақтан екі орыс жерге түсіп, қолын бұлғап, қасына шақырды. Бардық. Шүлдірлеп әлдене сұрады. Мына мекенде дүкен бар ма деп сұрағанын ымбасынан ұғып, ауылдың ортасындағы ләпкені көрсеттік. Екі-үш шөлмек арақ алды, сөреде одан өзге ештеңе жоқ-ты. Арақ үшін аэропланмен келгеніне таң болдық. Ләпкені көрсеткенімізге ризалық білдіріп, басымыздан сипағанына біз де мәз болып, неғылған жақсы кісілер деп ойладық. Төбемізден нұқитын күндері, сөйтсек, алда екен. Оны біз екі жылдан кейін білдік...»

Әскери зонаға берілген жердің теріскейі – Павлодар облысының Май және Ақсу, шығысында Бесқарағай аудандарымен, түстігінде – Семей облысының Жаңасемей (О кезде Новопокров атанған, орталығы Ертістің оң жағалауындағы осы аттас үлкен село) және Абай аудандарымен шектеседі, күнбатыстағы қомақты бөлегі – Абыралы ауданының иелігіндегі таулы-тасты, жер оты, суы да мол, малға жайлы өлке. Күллі аймақтың теріскей шекарасын Ертіс жағасындағы Бөденелі мен Молдар, иә Ақжар елді мекендері деп есептегенде, айналасы 130-150 шақырымдай иен жазық. Түстігінде Дегелең, батысында Мыржық тауларымен шектелген, кей тұсында қарауыл шоқылары тымақтай одырайған балапан бұйраттар мен жатаған таулар сілемі. Әскери құжаттарда сусыз, нусыз өлке деп сипатталған өңірдің түстігін қабырғалап Шыңғыстаудан бастау алатын Шаған өзені ағады. Ол болса Аягөз жеріндегі Ақшатаудан шығатын Ащысумен қосылып, Ертіске құяды. Екі өзеннің суы мол, о күнде күзге дейін тартылмайды...

Осы тарауды жазып отырғанымда менің алдымда КСРО Геодезия және картография бас басқармасы шығарған, Семей облысының 1964, 1967, 1968, 1971 және 1986 жылдардағы бес картасы жатыр. Бесеуінде де Жаңасемей бекетінен тартылған темір жолдың Ертіс жағасын жағалап келіп, «Конечная» бекетінде үзілетіні көрсетілген. Оның айналасы, әсіресе күнбатыс бөлегі сарғыш және күлгін түсті бояумен кескінделген. Бұл болса осы атырапта бірде-бір елді мекен жоқтығын айқындайды (екі түс те шөбі сұйық, шөл дала екенін білдіреді). Картаның кейбір тұсында шағын көлдер мен батпақты жерлер, жіңішке өзеншіктер қылдай иректермен дараланған. Кең жазықтың түстік шебінде Дегелең тауы (биіктігі – 1085 метр) бейнеленген. Одан

әріректегі Қарағанды мен Семей облыстарының аралығында бейнеленген сансыз көп иректер – атақты Мыржық тауы (ең биік жотасы – 969 метр). Оның көлденең көсілген, түйеөркештенген жоталары 40-50 шақырымға созылған. Осы екі таудың ортасындағы шалқар өзекке үздік-создық жіңішке сызықтар тартылған. Солардың бірі – Сарыөзен, екіншісі – Қарасу жыралары (Бұл өзендер қазірде жоқ. Шамалауымша, қисапсыз көп жарылыстар салдарынан жыл сайын су құятын бұлақтар мен жерасты сулары тартылып, біржола құрғаған. Қарасудың төменгі бойында, Семейтау жотасына жанасқан ойында ХХ ғасырда Ресейден қоныс аударған орыс шаруаларының қарамды тобы поселке салып, Знаменка атаған елді мекен жайғасқан. Үш мыңдай тұрғыны, бірнеше жүз жасөспірім білім алатын орта мектебі бар іргелі мекенде қазірде бірде-бір орыс қалған жоқ. Әскери полигонмен көрші болған кезде-ақ Ертіс жағасына көшті. Теріскей шептегі Чайковка елді мекені де қаңырап бос қалды (Знаменко селосы бертінде Қарасу атанды). Шаған өзенінің бойында колхоздасу заманында іргелі екі ауыл пайда болды: алғашқысы – Саржал, ол болса Дегелеңнен небәрі

40 шақырым, «Тәжірибе алаңынан» 60 шақырымдай қашықта; бұрынғы Тельман атындағы кеңшардың орталығы болған елді мекеннің тұрғындар саны 1960 жылдан беріде үш мыңнан асып, орта мектебі, емханасы, мәдениет үйі бар кәдімгідей үлкен кентке айналды. Екінші қалашық – Шаған. Ол болса –Шаған өзені Ертіске құятын сағада ірге тепкен осы заманғы кент. Ауыр және ұшқыр ұшақтарды қондыратын бетон алаңы, өзгедей де құрал-жабдығы сай, жабық қоймасы, шеберханасы, үй-жайы бар, әуе күштерінің дивизиясына жайлы қоныс болды. Оны тұрғызу полигондағы құрылыспен қосаметкей жүрген...

Геодезия және картография ұжымы мемлекеттік акт ретінде көпшілікке таратқан карталарға зер сала қарасаңыз, Ертіс жағасында тыңнан пайда болған, темір жол тартылған екі қалашықтан өзге осы атыраптағы ұлан-ғайыр жер шынында да елсіз аймақ екеніне иланасыз. Иә, Еуропаның бір мемлекеті қоныс еткендей зор алқап көз тоқтатар тұлдыры жоқ, жан шошырлық қуаң дала кейпінде бейнеленген. Көңілің қарадай құлазиды. Әр алуан ойға түсесің. Соның бірі – полигон иемденген жердің шекара шебіне ұрымтал орналасқан Молдар (қазіргі Курчатов), Бөденелі, Знаменка, Чайковка, Тайлан, Жанан, Саржал, Ұзынбұлақ, Қаражал, Бестамақ, Абыралының Бөрлі жотасындағы еңбекші халқы немесе Мыржықтың күншығыс бауырындағы Мөшекебұлақ ауылының, Павлодар облысының Май, Ақжар, Ақирек, Аршалы тұрғындарының тірлігі не болады деген сауал. Әлбетте сол мекендердегі неше мың халықтың тағдырын сынақ жасаушылар ойламаған. Атом білгірлері (сол ғұламаларды осы жұмысқа жүктеген құзыры әлей бастықтары да) ядролық жарылыстан туатын залалдың күш-қуатын, қанша жерге тарайтын зиянын шамалай алмаған. Әлде бұл алды-артына қарамайтын өктем пиғылдың әсері? Орыс халқына тән аусарлық, қандай қатерге болсын қойып кетер аңғалдық?..

Не десек те тап сол кезде осы іспен шұғылданған ғалымдар мен мамандардың қолында өздері тыстығына орай «Қара кітап» атандырған, АҚШ-тың

атом бомбасын жасаушы білгірлері 1945 жылдағы үш сынақты бақылаудан байқаған бүлдіреулер мен содан тарайтын радиация залалын тексеру нәтижесін тәптіштеп жазған ғылыми еңбектің орысша аудармасы болған (Дегелең атырабындағы барлық әзірліктер, алғашқы «Сынақ алаңын» жобалау да сол кітаптың деректерін қайталау арқылы жасалған. Соған Биофизика институтының мамандары да қатысқан). Қысқасы, байырғы қазақ даласындағы ядролық сынақ нендей кесепат туғызатынын полигонды жобалаушылар білген, сол жайтты тек қаперіне алмаған...

* * *

«КСРО Қарулы Күштерінің арнаулы полигонының құрылысы» аталған жоба 1947 жылдың жазында дайын болыпты. Үкімет оны қыркүйек айының 4-і күні бекіткен. Сол құрылысты үкімет атынан басқару міндеті ерекше құқықтарға ие, КСРО Қарулы Күштер министрі М.Г. Первухинге жүктелген (орынбасарлары: А.П. Завенягин және Н.Н. Семенов). Қарулы Күштер министрлігінің Бас штабы да аса маңызды осы объектімен шұғылданатын арнаулы бөлім құрған. Ол болса полигон құрылысын материалдармен жабдықтап, «Сынақ алаңына» қажет аспаптар мен құралдарды тауып әрі солармен жұмыс істейтін мамандарды даярлау, одан да өзге ділгер шаруаларды ұйымдастыруға тиіс.

Тапсырма тығыз: өл-тіріл, осы объект небәрі 2,5 жылда сақадай сай болып, жобаланған қару 1949 жылдың күзінде сол алаңда сыналуға тиіс!..

Қорғаныс нысандарын салуға маманданған 36-басқарманың 52605-санды әскери бөлімі Симферополь қаласынан жедел көтеріліп, күллі техника-жарақтарымен Омбыға темір жол арқылы жеткізіліп, кемелер мен баржаларға тиеліп, Ертісті өрлей жүзіп, 1947 жылдың қыркүйегінде құрылыс алаңына әкелінген. Ол болса – Қазақ даласынан сол жазда үкімет комиссиясы қазық қаққан алаң. Осы жерде қолына күрек-қайла ұстаған құрылысшылардың саны сол күзде 9 мыңға жеткен (1947 жылғы 3 қыркүйекте КСРО Қарулы Күштері Бас штабының бұйрығында осы жерде 1 генерал, 264 офицер және 47 сержант болғаны көрсетілген). Ә дегенде солар палаткаларда жатып, қыс түскенде паналайтын казармалар мен жылу қазандығын салуға кіріскен. Өзге де құрылыстардың іргесі қаланған. Әлбетте мыңдаған адамды аңызға алып қалдырған, жауған қар толарсақтан келіп, шыңылтыр аяз буған жалаңаш дала төсінде қалай ұстайсың? Негізгі құрылыстар табиғи қорғаныштан жұрдай ашық аспан астында жүреді. Күзде асығыс салынған казармалар жетімсіз болған соң, амал қанша, жеркепелер жасалып, палаткаларды қабаттап тігіп, оның сыртын қар кесектерімен қымтап, бір мезгіл бой жылытар уақытша баспаналар едел-жедел қамдалған. Сөйтсе де үсікке ұрынып, бет-аузы домбығып, тыныс мүшелері қабынғандар күн сайын молайған...

Әскери қалашық «Надежда» аталып, үлкен астананың мөлтек ауданы сияктанып, кейіннен «Мәскеу-400» деген атқа ие болып, ғылыми зерттеушілер, офицерлер және инженер мамандар КСРО астанасының тұрғыны саналған (қосымша жеңілдіктер береді, еңбекақысы жоғары әрі орталықтағы пәтерлері сақталады). Отбасы осы жақтан жолданған хаттағы тұраққа қарап,

«Е, менің ерім Мәскеу іргесіндегі құпия объектіде жұмыс істейді» деп шамалайды. Сол байғұстардың үш мың шақырым шалғайдағы Қазақ даласында бейнет тартып жүргенін сірәда сезбейді...

Осы құрылыстарды қолымен тұрғызушылардың бірі Николай Петрович Брыкиннің қолжазбасын қайтыс болғаннан кейін жариялаған семейлік «Наше дело» газетінде (26 мамыр, 2005 ж. Жариялаушы – М. Гузеева) мынадай сөздер бар: «Дайындық жұмысын атқара жүріп, соның бәрі бірінші атом бомбасын сынаудың әуресі екенін біз білген жоқпыз. 1949 жылғы төбемізден тарс еткен сұмдық жарылыстың не екенін ә дегенде ұқпадық. Курчатовтың да өз ортамызда отырғанын, кім екенін сезгеміз жоқ...»

Мәскеу-400-дің сыртқы өмірмен қарым-қатынасын, осы жердегі тірлігін Қауіпсіздік комитетінің арнаулы бөлімі бақылаған. Полигонға қабылданғандар – әскери бөлімнің жоғары шенді командирлері, кіші офицерлері мен әрбір жауынгер сол ұжымның сүзгісінен өтіп, нендей іспен шұғылданғанын өмір бойы ішінде ұстауға қолхат беретін рәсім енгізілген. Осы жердегі режимдік бақылауды Л.П. Берияның қолғанаты болған генерал-лейтенант П.Я. Мешик басқарыпты (В. Жучихиннің жазбаларында оған: «Адамшылық мейірімнен жұрдай, астыңғы ерні ырсиып, қанталаған көзі жемтік іздеген жыртқышқа ұқсаған, бойы ортадан жоғары, қарны қампиған осы жендеттің үнемі жау іздеген әкіреңінен бізді 1951 жылы И.В. Курчатов құтқарып, өз қолымыз өзімізге жеткендей болып, емін-еркін жүретін болдық...» – деген сипаттама айтылған). Амал не, қырғи бастық кеткенімен құпия объектідегі қатаң режим өзгермеген.

Келесі жылдың жазында полигон жұмысына қамтылған әскерилердің қарамы 15 мың адамға көбейген. Ертiс жағасында тұрғызылған екі қалашықтың құрылысына алғашқы екі жарым жылда 180 миллион сом қаржы жұмсалыпты (о күнде бұл ерекше көп қаржы, сол сомаға атомдық сынақ алаңдарын дайындау шығыны кірмейді).

Әскери қалашық әуелде кәдуілгі казарма ретінде жобаланған. Сондықтан да екі қабатты көлемді барактар сап түзеген. Ғылыми зерттеушілер де сырты ғана емес, іші де жадау жатақханаларға жайғасып, төрт-бес кісілік, көбіне он шақты адам жататын жатаған бөлмелерде тұрған. Солардың бірі қосымша жабдықталып, мейманхана аталған. Сол ғимараттың екі кереует, үстел мен шкаф қойылған бөлмелері осы жерде тұрақты істейтін теоретик-физиктерге берілген. Инженер мамандар молайған жаз күндерінде жатақтар іргесінен палаткалар тігілген. 1949 жылдың жазында қалашықтың өзенге ұрымтал шетіне екі қабатты коттеждер де салыныпты. Небәрі үш-төрт үй, солар бірақ бірталай уақыт жабық тұрған. Коттеждердің есіктері құрылыс алаңына И.В. Курчатов пен Ю.Б. Харитон, Бас басқарманың бастықтары келгенде ғана ашылған. Сол жылғы тамыз айында сол үйлерде арнайы күзетімен келген КСРО маршалы А.В. Василевский, полигонның «қамқоршысы» атанған Л.П. Берия тұрған.

Мәскеу-400 қалашығының жұпыны пішінде қалқайтылуы сол кездегі басшылардың ой-танымының жұтандығын аңғартады. Шынында да сол шіркіндердің ақыл-ойы жобаланған нысандарды жедеғабыл тұрғызып, жаңа

қаруды тезірек сынаудан өзгеге жетпеген. Түсінікті ахуал: кеңес адамы – өзіне ерекше бап, күтім мен ізет тілейтін кердең қылықты қалталы капиталистер емес, жүдеу тірлікке үйренген, тұрмыс қиыншылығына көнпіс жанкештілер; Кеңес Одағында 1930 жылдардан бастап қауырт жүрген индустриялық құрылыстар, содан беріде ірге көтерген өндірістік поселкелердің бәрі де тек қана осылай, «Айда, бол!» ұранымен бой көтерді; Ертіс жағасында тұрғызылмақ жаңа қалашық пен «Тәжірибе алаңы» – жұтаң ойдың айқын үлгісі... Ол болса Мәскеу-400 қалашығынан 65 шақырым күнбатыста, ұсақ бұйраттар қоршаған даланың орта тұсынан таңдалған (Қараңыз: 1 және 2-схеманы, сол сызбаларды мен мәскеулік «ИздАТ» баспасы шығарған кітаптан көшірдім).

Сынақ алаңдарын жобалаушы – КСРО ҒА Химиялық физика институтының (директоры академик Н.Н. Семенов) карамағындағы ГСПИ-11 аталған құпия ұжым. «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабында жазылған дәйектеме түсінікте «Тәжірибе алаңын» жобалауға атомдық физиканың көрнекті білгірлері Д.А. Франк-Каменецкий, Ю.Б. Харитон,

Я.Б. Зельдович, А.Ф. Беляев, А.Я. Апин, Б.М. Степанов және осы ғұламалардың ұсынуымен атом ядросының бірнеше ірі мамандары қатысқаны айтылған. Жобада көрсетілген нысандардың ұқыпты орындалуын бақылау міндеті Семей ядролық полигонының бастығы, генерал-лейтенант Петр Михайлович Рожановичке жүктелген...

Семей полигоны бастығының міндетін одан кейін Сергей Георгиевич Колесников, Анатолий Валерьевич Енько, Иван Николаевич Гуреев, Николай Николаевич Виноградов, Алексей Иванович Смирнов, Мурад Константинович Кангиев, Владимир Иванович Ступин, Аркадий Данилович Ильенко және Юрий Владимирович Коноваленко атқарған. Бәрінің де шені – генерал, көпшілігі генерал-лейтенанттар. 1947-1993 жылдар аралығында, яғни 46 жылда полигон бастықтары 10 мәрте ауысқан. Генерал-майор П.М. Рожанович небәрі жарты жыл ғана еңбек етіп, 1948 жылдың 31 тамызында Ертіс жағасынан Новосібір қаласына ұшақпен бара жатып, жүрек талмасынан опат болған. Осы жердегі барлық құрылысты бақылауды содан кейін штаб бастығы болған генерал-майор Колесников атқарыпты...

Н.Е. Морозовтың «Өткенге көзқарас» кітабының 159-бетінде генерал М.К. Кангиевтің (естелік кітапқа фамилиясы Конгиев деп жаңсақ аталған) Семей обкомына суыт келіп, кешкі мезгілде өздерінің АН-24 ұшағымен полигонға қайтып кеткенін, бір сағаттан кейін сол қаладан өзіне қаралы хабар түскенін атөтті жазыпты. Сөйтсе, Шаған әуежайына қонар кезде полигон бастығының ұшағы апатқа тап болып, 11 жолаушының алтауы қайғылы қазаға ұшыраған. Қайтыс болғандардың біреуі – Кангиев...


Жоғарыда есімдері аталған полигон бастықтарынан Семей жұртшылығына есімі мен қызметі көбірек таныс, әсіресе қыңыр қылығымен мағлұм болған адам – генерал-лейтенант А.Д. Ильенко.

«Тәжірибе алаңындағы» құрылыс екі ауысыммен жүрген.

Алғашқы «бұйым» биіктігі 30 метр болат мұнараның ұшар басына орнатылмақ. Сол жер – «Тәжірибе алаңының» кіндігі, оны жағалай шеңбер түзген 20 шақырым жазықта, 45 мың шаршы метр аймақта әлденеше құрылыстар салынуға тиіс: ең қомақтысы – 14 шақырым қашықтағы «Г» деген әріппен құпияланған нүктеде «Штаб» орнығады; 4-5 метр тереңге сұғына кірген құрылыстың қабырғасы қалыңдығы бір метр темір-бетоннан құйылып, ішкі жағына радиация сәулелерін өткізбейтін қорғасын қаптау жасалады; сол бекіністе жарылысты қабылдаушы үкімет комиссиясы жайғасады; штабтың Ертіс жақ іргесінен қорғаныс киімдер сақталатын қойма салынып, дозиметрлер де сол жерге қойылады; ластанған пункттерді арнайы сұйықтармен жуатын, дезинфекцияға қажет заттар сақталатын орын, жарақат

алғандарға алғашқы жәрдем көрсететін, радиация залалын әлсіретер дәрігерлік қосын осы жерде орнығады...

«Тәжірибе алаңында» үш сектор жұмыс істеуге тиіс. Алғашқысы – физикалық-техникалық өлшемдермен айналысады, оны арнаулы дайындықтан өткен инженер-полковниктер басқарады. Биологиялық зерттеулер секторы атанған екінші бөлімге профессор-биолог атағы бар, медицина қызметінің полковнигі жауапты. Стратегиялық қаруларды сынаумен шұғылданатын үшінші секторға да инженер-полковник жетекшілік етеді. Әр сектордың карауында орынбасарымен қоса ондаған офицерлер бар. Осындағы үш секторда төрт рота әскер ұсталып, күні-түні бақылау жүргізеді.



Семей полигонындағы сынақ алаңдарының орналасу схемасы. Дөңгелек түріндегі сызықтар ішіндегі шұбарланған «нүктелер» реакторлық комплекстер орнатылғанын бейнелейді. Қос сызықпен қоршалған үлкен аймақ – полигонның емес, ядролық сынақтар жасалған аймақтың шекарасы.

Эпикіндікте орнатылған алып мұнараның төбесінен бастап жер астындағы табанына дейін түрлі өлшегіш аспаптар орнатылады. Солардың дені жарылыс кезінде істен шығатынын ескеріп, кейбірі жер астына монтаждалған. Бәрі де ғаламат дүмпудің күш-қуатын, жарылыс тудырған қызу мөлшерін, одан өзге зияндарын өлшеуге тиіс. Құпияда ұстайтын дерек болғандықтан алаң мамандары соларды «қаздар» («гуси») деп далдалап атаған. Аспаптардың техникалық атаулары – А, Б және В әріптерімен белгіленіп, мамандар соларды «аннушки», «букашки» және «верочки» деуге машыққан. Негізгі аспаптар тобы эпикіндіктен 500, 600, 800 және 1200 метр қашықтыққа қойылып, периметр бойынша жағалай орналасуға тиіс. Солардың кейбірі үш, иә бес метр тереңге орнатылып, қабырғалары мен үсті бетон плиталармен қорғалған.

Осыншама дайындық – атомдық жарылыс тудыратын күйдіргі отжалыннан, ауа толқынынан қорғанудың амалы, адамдар ғана емес, сол процесті бақылауға, өлшеуге қойған аспаптарды аман сақтаудың шарасы. Кеңестік мамандар бұрын-соңды көрмеген алғашқы сынақ болғандықтан және соны екінші рет қайталау өте қымбатқа түсетіндігін ескерген білімпаздар өздеріне келешекте керек болады-ау деген ғылыми деректерді қайткен күнде молдап жинауға тырысқан.

Осы жерде көп жылдар бойы құпияда ұсталған бір жайтты ашуға тура келеді. Бұл турасында «Тәжірибе алаңының» физикалық-техникалық секторының алғашқы бастығы полковник В.В. Алексеев бертінде жариялаған естелігінде сөз етіпті. Василий Владимировичтің өзі сол құпияны Мәскеудегі химиялық физика институтында тәжірибеден өткенде білгісі сөйтсе, институт ұжымы «Тәжірибе алаңында» жасалмақ барлық қорғаныс шараларын АҚШ профессоры Г. Смиттің атом бомбасын сынау кезінде көрген-білгенін, үкімет талабы бойынша, есеп ретінде жазған түсініктемесінен сыпыра көшірген; оған қоса кеңестік зерттеушілер Садовский мен

Шнирман 1945 жылы Лос-Аламошта сыналған атом бомбасының жарылған сәттегі фотосуреттерін ұзақ зерттеп, күшті алаудың спираль сияқты жарқ-жұрқ бұйдалануына мән бере қарап, жарылыстан соң аса күшті ауа толқыны түзілетінін ойша долбарлап, қорғану амалын жобалаған.

«Букашкаларды» мамандар эпикіндіктен 1800 метр қашыққа қойыпты, нақ сол жерге кино мен суретке түсіретін аппаратуралар да орналасқан. Оптикалық аспаптар да арнайы салынған бетон дзоттарға орнатылған. Кейбір аспаптарды гамма-сәулелердің зиянды әсерінен сақтау үшін қорғасын плиталармен қаптаған. «Верочкалар» эпикіндіктен 3000, кейбірі 5000 метр қашыққа орнатылған. Оларға тек жеңіл-желпі қорғаныштар жасалыпты. Өйткені радиация сәулелері 2,5-3 шақырымда әлсірейді, жетсе де еш нәрсені бүлдірмейді деген болжам үстем болыпты. Іс жүзінде сол тұжырым жаңсақ болып, кейінгі сынақтарда оларды да бекемдеуге тура келген.

Қысқасы, қосымша шаралардың кейбірі үш-үштен қайталанған.


Ескерту парыз: біздің тәптіштеп жазып отырғанымыз – 1949 жылғы алғашқы сынаққа дайындық. Келесі жылдары сынақтар жиілеген кезде «Тәжірибе алаңының» ортасында аумақты апан пайда болып, айналасындағы қауіп қалған құрылыстардың кейбірін тыннан тұрғызуға тура келген. Жоғарыдағы схемада бейнеленген П-2, П-3, П-4, П-5Г, П-6, П-7, П-6А, П-11 алаңдары беріректе пайда болған. Ал П-4 және П-4А алаңдарында (екеуі де полигонның теріскей шетіне орналасқан) БРВ-ның (әскери радиоактивті заттар) жаңа түрлері сыналған. Бұл жайт та Қарулы Күштер министрлігінің Семей полигонында ойына келгенін емін-еркін істегенін аңғартады.

Ядролық сынақтар жасалған алаңдардың атаулары: «Тәжірибе алаңы», Сарыөзен, Дегелең, Балапан, Телком және Ақтанберлі. Осы алаңдарда 1949-1962 жылдар аралығында 87 рет жер үстінде, 26 мәрте ауада сынақ жасалған. Семей полигонындағы жер бетінде сыналған ең соңғы жарылыс 1962 жылғы 24 желтоқсанда жүзеге асыпты. Оның қуаты

28 тонна жарылғыш заттарды бір мезетте жарғандай әсер туғызыпты. 1965 жылы 12 тамызда тағы бір жаңа қару сыналған. Оның қуаты мардымсыз болған деседі.

1949-1962 жылдар аралығында сынақ алаңдарын бір батальон әскер тәулік бойы күзеткен. Бір-бірінен 5-10 шақырым қашыққа орналасқан алаңдарды көз алдында ұстау үшін 12 застава тұрғызылып, әскери қарауыл күні-түні күзетіп, өзара радиотелефон байланысы жұмыс істеген. Түнге қарай ең шеткі заставалардан екі жауынгерден құралған патрульдер ерсілі-қарсылы жүріп, бірі-бірімен жетон ауысатын тәртіп енгізілген. Әсірелеп айтқанда, әскери күзеттің күштілігінен сол алаңдарда бөгде адам түгілі, жорғалаған тышқандар жүре алмаған. Күзет батальонының жауынгерлері мен офицерлері осы маңатта жабдықталған жеркепелерде тұрған...

«П-1» алаңын айнала әртүрлі қашықтыққа (3, 5, 7, 10 км) әскери техника қойылған: кәдімгі құрыш құрсаулы ауыр және жеңіл танкілер, зеңбіректердің әлденеше түрлері; минометтер, снарядтардың үлкен-кішілері мен оқ-дәрілер жәшікке салынып, кейбірі ашық тасталған; бірнеше жерде шағын кемелердің палубасы зеңбіректерімен, сүңгуір қайықтар да қойылған; біразы жерге көмілген, енді бірі дзоттармен қоршалған; әскери техниканың ойыншық макеттері емес, майдан даласында болып, неше жыл қызмет еткен ескі қарулар түрлері. Алаңнан тоғыз шақырым қашыққа ауыр бомбалар таситын екі ұшақ орналасқан, біреуі ұшуға дайындалған, екіншісі жерге енді ғана қонғандай әсер туғыздай етіп, екеуінің тұмсығы екі жаққа қаратылған.



«Тәжірибе алаңында» жобаланған сынақ орындары мен аспаптар қойылған қондырғылардың орналасу схемасы. Доланадай шеңберлер сынақ жүрген алаңдарды көрсетеді. Сол шеңберлерден тартылған тура сызықтар бойындағы нүктелер – өлшеуіш аспаптар қойылған бақылау қосындары. Үлкен шеңбер – алғашқы схемадағы сияқты сынақ жасалған аймақтың жалпы шекарасы.

Орталық алаңнан бір шақырымдай жерге және одан әрі әрбір 500 метр сайын су жаңа 10 «Победа» автомобилі тізіліпті.

Эпикіндіктен бес шақырым жерде бірнеше тұрғын үйлер салынған, біразы бөренеден қиылған жаңа үйлер. 500, 2500 метр және одан да әріректе терең окоптар қазылып, кейбірі кәдуілгі дзоттар мен доттарға айналған. Сол үйлердің іргесіне және жерге сұғына жасалған темір-бетон қалқаларда шошқа мен иттер, үй қояндары мен тышқандар камалған. Бір жаппаның астына түйе мен сиыр да байланған. Дзоттардың маңында солдаттар мен офицерлерше киіндірілген қарақшылар қақшиып тұр. Солардың ара-арасына ашық және жабық түрде әртүрлі тағамдар – консервілер, шұжықтар, шоколад плиталары, бөтелкеге құйылған сусындар тізілген.

Эпикіндіктен бір жарым шақырым жерге кәдуілгі тас жолдың табаны төселген, оның үстіне темір-бетоннан құралған (ұзындығы – он метр) көпір тұрғызылған. Одан арғы бір шақырым жерге кең табанды темір жол салынып, биік иіні жиырма метр екінші көпір жасалған. Көпірдің үстіне және кіреберісіне бірнеше жүк вагоны қойылған. Біреуі – сұйық жағармай құйылған кәдуілгі цистерна. Кейбір вагондар бос, енді біріне қиыршық тас немесе көмір тиелген.

Жарылыс алаңынан оңтүстік-шығыс бағытындағы 1500 метр қашыққа жағармай пайдаланатын электростанса тұрғызылған, одан атомшылар қаласына темір бағандар арқылы электр жүйесі тартылған. Одан әрі 800 метр жерге құрастырмалы бетоннан үш қабатты екі үй салынған, екеуінің арасына кәдуілгі қала көшесі жасалып, оның табанына тас төселіп, біраз жеріне асфальт жайылған. Солтүстік бағытта, 1500 метр қашықта бетон мен кірпіштен салынған, сырт келбеті өндіріс ғимаратына ұқсаған және бір үй тұр. Оның қасына жүк көтергіш кран орналасқан.

Эпикіндіктен 250 метрдей жерден баспалдақ әзірленіп, 30 метр тереңде үлкен метроның көшірмесі жасалған. Ұзындығы шамалы, сөйтсе де Мәскеу метросының 20-30 метрін айнытпай қайталаған. Жарылыс алаңын шыр айнала, солтүстік-шығысқа және оңтүстік-шығыс бағытына бірдей темір-бетон бағандары сап түзеген, әрбірінің ұшар басына ауа толқынының күшін әрі жарылыс түзетін жарық әлуегін өлшейтін аспаптар орнатылған...

Осы құрылыстардың бәрі де 1949 жылдың жазында дайын болған*.

* Сынақ алаңын жарылысқа дайындау деректерін біз осы полигонда азаматтық борышын атқарған подполковник А. Жариковтың «Простор» журналының 1991 жылғы 6-санында жарияланған «Полигон» атты естелігінен алғанмызды және осы жердегі әзірлік жұмыстарында 1949 жылғы шілде-қыркүйек айларында табан аудармай отырып, ядролық зарядты баптаған жарылғыш заттар маманы В.И. Жучихиннің «Алғашқы атом бомбасы» атты кітабында тәптіштеп баяндалған деректерді пайдаланғанымызды ескертеміз.

В. ЖУЧИХИН, «Жарылысты дайындаушылардың полигондағы қызметі» тарауынан:

«...1949 жылдың шілде айының 20-сы шамасында Саровтағы әуежайдан жүк тасуға бейімделген әскери екі ЛИ-2 ұшағына «бұйымға» заряд беретін автомат қондырғыларды және басқадай қымбат аппаратураларды

тиеп, өзіміз де сығылыса отырып, жолшыбай Қазан, Свердлов және Омбы қалаларына аялдап, жағармай алып, аз-маз демалыспен екі тәулік ұштық. Қайда келе жатқанымызды білмейміз. Сұрауға болмайды. Ауа райы қолайсыз болып, алғашқы күні найзағай ойнаған бұлт шоғырынан қашып, ұшақ тұмсығы жерге шанышылғандай қатерлі селкілдеуді бастан кештік. Содан екінші тәулікте ирелеңдеп аққан өзен айдыны айнадай жарқыраған, жап-жасыл орман жағасын көмкерген, жыпырлаған үйлері де көңілімізді сергіткен, көп-көрім қаланың даламен астасқан шетіне қондық. Аяғымыз жерге тигенде бір қабат ұзынша үйдің маңдайшасына ілінген «Семипалатинск» деген жазуға көзіміз түсті. Қазақ даласына тұңғыш сапарым (содан кейінгі қырық жылғы өмірім осы қаламен, соның іргесіндегі ядролық полигонмен байланысарын сол сәтте болжағам жоқ). Әуежайдың буфетінен «манты» деген ұлттық тағам алып, аш бөрідей көмейлеп, жан шақырдық. Жарым сағаттан соң аспанға қайыра көтерілдік. Күн шайдай ашық. Ертіс өзенінің кең арнасын қуалай ұшып, әскери әуежайға қондық. Сөйтсек, ақырғы аялдама екен.

Біздің топты полигон бастығы әскери қалашыққа емес, «Тәжірибе алаңына» ұрымтал жердегі сегіз пәтерлі үйге орналастырды. Жаңа қоныс бізге ұнады: жатын орнымыз жайлы әрі таза; ас-су ішетін бөлме көңілімізден шықты. Келесі күні-ақ ұшақпен жеткізілген аппаратураны дайындауға кірістік.

...Біздің бригадаға жүктелген міндет – автомат зарядты сынақ алаңына орнатып, команда берілген сәтте қораптағы «бұйымды» тізбекті реакцияға қосу тетігін импульске дайындау. Бұл болса – неше жылғы дайындықтың шешуші сәті. Бір тәуірі, әуе арқылы жеткізілген аппаратура жолшыбайғы сілкілеуден бүлінбепті, зарядтар күшін тексергенімізде, Саровта тағайындалған мөлшерді бірден көрсетті. Сөйтсе де соны қайыра тексеріп, ашық аспан астында бес мәрте қостық. Өзіміз жасаған автомат бесеуінде де сарт-сұрт істеп, күдік қалдырмады. Тексеруді аяқтаған соң автоматты кабельден ағытып, сол жердегі уақытша қоймаға түсірдік...

Одан әрі жарылыс қуатын өлшейтін, сол сәтте туатын әртүрлі жағдаяттарды қадағалайтын «ақылды» аспаптарды тексерумен айналыстық. Бұл жұмыс тамыз бойы жүрді. Оны да күні-түні істедік. Шаршадық, шақырайған күн астында болудан да қажыдық деген қынжылыс болған жоқ. Өйткені зарыға күткен сынақ 29 тамыздың ертеңгілік мезгіліне белгіленгенін білетінбіз.

Тамыз айының бас кезінде төрт ұшақ сол жердегі әуежайға Саровта дайындалған бомбаның бес түрін қосымша заттарымен полигонға жеткізді (шілде айының соңғы күндерінің бірінде И.В. Курчатовтың төрағалық етуімен осы жерде өткен жиында алғашқы сынаққа бомбаның плутонийдан жасалған нұсқасын жаруға шешім қабылданды). Солардың да жарылысқа дайындығын тағзы бір мәрте тексеріп, бесеуі де дайын деген актіге қол қойдық. Неліктен бес бомба? Бұл енді – биік лауазымды бастықтардың ойлап тапқан қитұрқы амалы: «бұйымның» кейбіреуі әлдеқандай себеппен

жарылысқа түспесе – екінші, иә үшіншісі жарылуға тиіс, қайткен күнде әйтеуірі біреуі жарылар... деген сақтық шарасы...

Тамыздың орта шенінде М.Г. Первухин бастаған Мемлекеттік комиссия полигонға келіп, бірнеше жүз мамандар жаз бойы мұрнынан шаншыла атқарған дайындықты қайыра тексерді. Тексеру ерекше қатаң жүрді. Біз үшін ең қиыны және жүйкемізді әбден тоздырған гәп – «Импульске от беру!» командасы қайталанып, жарылыс сәтінде кімнің не істейтіні, атомдық апат кезінде құтқарушылардың атқарар жұмыстары, тағы сондай әрекеттер үш мәрте «ойналуы» болды. Әлбетте мүлт басқан, иә тиісті міндетінен шатасқан бірде-бір оқыс оқиға болған жоқ. Сол жаттығу 14, 18 және 22 тамыздың ертеңгілік сәтінде жүргені есімде.

Сонымен сынақ күніне жетіп, 29 тамыздың таңын тағатсыздана күттік. Сынақ сағаты таңғы сегізге белгіленген. Алайда синоптиктер: «Күн желтең, тұлдырсыз иен далада құм қиыршықтары борайды, жарылыс бұлтын бақылау, әсіресе оны лентаға түсіруге сол түтек бөгет болады-мыс...» – деген болжам айтып, жарылысты тымық күні жасауды ұсыныпты. Мемлекеттік комиссия сол ақпарды талқылап, сынақты сол күнгі таңғы сағат жетіде бастауға шешім қабылдады...

Сол түнде бізде мазалы ұйқы болған жоқ. Таңғы сағат 4.30-да зарядты мұнараның үстіне шығарып, 5.00-де тітіркеніс беретін капсульді электр жүйесіне жалғадық. Бұл жұмысты К.И. Щелкин басқарып, комиссия мүшелері А.П. Завенягин мен А.С. Александровтың бақылауымен орындадық. Сағат 6.20-да эпикіндіктегі дайындық тақа бітіп, өзіміз паналайтын ұрымтал жердегі бетон бекініске келіп, «бұйымның» әзір екендігін И.В. Курчатоваға телефон арқылы мәлімдедік...»

И. ГОЛОВИН, «Алғашқы жарылыстың тарихы» кітабынан:

«Штабтағы кезекші сынақ басталуына бірнеше минут қалды деп ескерту жасаған сәтте блиндажға Берия бастаған комиссия мүшелері келді. Курчатова физик Флеровтың қасына барып, нейтрондар бөлінуін әйгілеуші экранға қарап тұрып: «15 секундта екі-үш нейтрон бөлінді. Реакция сәтті басталды! Он минутта соңғы нейтрон бөлінсе бәрі де ойдағыдай болады...» – деп шаттанғандай болып еді:

– Бекерге қуанба, Игорь Васильевич. Ештеңе де шықпайды, бос әуре, – десін Берия.

– Лаврентий Павлович, мысық тілеуді доғар! Сәлден соң бәріміз де мына еденге жалп етеміз, сақтануға қамдан... – Курчатова әкірең бастыққа солай деді де, экран алдына қайыра бұрылды. Шоң желкесінде тамыры шодырайып, қоңырқай жүзі де күреңітті. Штабтағы жұрт ештеңе естімегенсіді.

Сыни сәтке үш минут қалғанда нейтрондар саны екі есе көбейді. Бір минуттан соң одан да жиіледі. Флеров пен Курчатова бір-біріне үрейлене қарағанын блиндаждағылар да сезді. Бұл болса жарылыс емес, жай ғана сілкіністің ақпары. Алайда автоматта тіл жоқ, оны енді тоқтата да алмайсың...

Диктордың саңқылдаған қату үні төбеңді ойғандай.

– Он секунд қалды... Бес, екі, бір секунд!.. Нөл, иә, сәт!..

Курчатов ашық тұрған есікке түнере қарады. Штаб алдындағы даланың бетегесі жайбарақат желкілдеуде. Кенет ашық аспанды қап-қара бұлт шалғандай әсер туды. Курчатов сыртқа атып шығып, блиндаждың алдындағы топырақ үймесіне туралай тартты. «Бәрі де ойдағыдай болды! Әне, қараңдар!..» – деп те айқайға бассын.

Аспанды торлаған қап-қара бұлт шоғыры шыркөбелек үйіріліп, стратосфераға тікелей шапшығанын көрдік. Жарылыс алаңынан туған ауа толқыны блиндажға жақындап келеді, дала түгінің жаппай жапырылғаны да соның белгісі. Курчатов соны да елемей, топырақ үймесіне іліге бергенде Флеров қуып жетіп, кейінге сүйреді. Сыртқа шыққандардың соңы болып екеуі блиндажға кіріп, темір есікті тарс жапты.

Сол сәтте Берия Игорь Васильевичті еміне құшақтап:

– Жарылғаны жақсы болды. Ештеңе шықпаса көрешектерің басқаша еді, оңай құтылдындар... – деп төбе сылағы тиген шекесін сипалады...»

В. ЖУЧИХИН, «Алғашқы атом бомбасы» кітабынан үзінді:

«...Кенет табан астымыз солқ етіп, біз отырған блиндаждың қабырғасы дір-дір еткенін аңғардық. Үнсіз отырмыз, төңірек мүлгіген тыныштықта. Содан бір сәтте жер мен көктің солқылдаған, үстімізге ауыр бірдеме құлағандай, аспан асты қақ айрылып, жер-жаһан төңкерілгендей үрей бойымызды торлады. Бірер секундтан соң сырттағы у-шу тынып, тыныштық қайта орнады. Кенет әлдекімнің қатты дауыстаған үні, бақылаушы мамандардың жаппай дабырлаған сөздері тұс-тұстан естілді. Бірі-бірімізді құшақтап, сүйіскен, жұдырықпен түйгіштеген, құшақтаған айқаймен темір есікті айқара ашып, сыртқа ұмтылдық.

Көкке ұмтылған от бағаны, оның айналасындағы көкишулан түтін мен шаң-тозаң қабаты өзара сапырылысып, ал ғарыштан құйылған күн сәулесі сол шоғырды жарып өте алмай, құдды аспан төрінде асылып қалғандай. Шым-шытырық гулеген құйын шыр айналып жүр. Американдықтар сипаттаған «Қара кітаптағы» саңырауқұлақ суреті бізде де түзілді. Бұл енді – физикалық құбылыс, оған ешқандай әмір жүрмейді. Байқауымша, жарылыс түзген алып саңырауқұлақ неше мың метр биікке көтеріліп, алаң үстіндегі топырақ атаулыны демде аспан әлеміне суырып алған.

Әлем-тапырық сапырылыс жүріп жатыр. Саңырауқұлақтың астыңғы жағы жіңішкеріп, оның есесіне үстіңгі беті дамылсыз шудаланған түтінмен араласып, жан-жаққа тарай бастады».

Семен МАХНЕЙ, саперлер полкі жауынгерінің естелігінен (хаттаушы – Мария Махней, «Голос народа» газеті, 15 қаңтар, 2002 жыл):

«...1949 жылдың жазында мен азаматтық міндетімді атқаратын инженерлік-саперлік полктің бірнеше ротасын «Ш» деген жаңа алаңға ауыстырып, тереңдігі 30-40 метрдей шахта оқпанын қаздық. Оның да табанынан туннельдер жасадық. Жұмыстың тәулік бойы және қарбалас жүріп, шілде айының орта кезінде полк командирі тапсырманың орындалғаны туралы рапорт берді. Сол күндерде, – дейді атам маған жымия карап, – қылышылдаған жас кезім. Отан қорғанысына қажет керемет істі

мерзімінен бұрын атқардық деген мақтаныштан да құралақан емеспін! Жедел бұйрық келіп, біздің полкті әлгі алаңнан 15-20 шақырымдай дала төріне ауыстырды. Қу медиен далаға палаткалар тігіп, алты жүздеі адамбыз, тереңдігі бір жарым метрдей жыралар қаздық. Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде шені аса жоғары командирлер келіп, полк жауынгерлерін сапқа тізіп, таяу күндерде осы жерде кеңес өндірісі жасаған жаңа қарудың сынағы өтетінін жариялады.

Таң ата полк жауынгерлері дабылмен тұрып, бір жарым шақырым жердегі жыраларға жүгіріп барып, противогазды басымызға керіп, күнбатысқа бетімізді бұрып етпеттей жатамыз. Күнде қайталанған жалған дабылдан жүйкеміз жұқарып, сол сынақты күтуден мезі болған алтынышы, әлде жетінші таңсәріде, 29 тамыздың таңғы жеті шамасында екені анық, жедел көтеріліп, үйреншікті жыраның ішінде жатқанымызда табан астымыздағы жер кенет солқ етті... Басқаларды білмеймін, өзімді мұхит айдынында күшті дауылға тап болып, шыркөбелек айналған қайықта отырғандай күй кештім. Басым зеңіп, ақыл-есім мәңгіп, тау мен дала, бой жасырған окоп шыркөбелек айналып, бұлт құрсаулаған аспан да үстіме құлайтын сияқтанды (Полктің жазғы мекені Дегелең тауының күнбатыс етегінде, 3-4 шақырымдай жерде болған – М.С). Сөйтсем, зәресі ұшқандар мен гана емес, едәуір екенбіз. Әлдекім: «Қаш! Топырақтың астында қаласың!..» – деп жан ұшыра айқайлағандай болды. Жыра түбінен әуірімдеп шығып, алға ұмтылдым, ту сыртымнан: «Кейін қайт, кейін! Жат, жыраға түс!..» – деген өктем үнін естідім. Сол да сеп болды, тұра қашқандардың бәрі де есін жиып, кейін қайтты. Жыраға қайта түсіп, тау жаққа қарадым: әлгіндегі шым-шытырық сапырылыс өзгеріпті, кәдуілгі саңырауқұлаққа ұқсаған бұлт шоғыры көзіме шалынды; тек ұзақ тұрмады, үстіңгі қалпағынан бөлінген шарбы құйын бізге қарай жөңкілді.

Алдымыздағы биік таудың бізге қараған беті отқа оранды. Бізгірық жел көтеріліп, күйік иісі қолқаны қапты. Мен өзім тыныс мүшелерімді жыбырлатқан жағымсыз иісті айқын сездім. Күйік емес, басқадай бірдеме. Қасымыздағы жауынгерлер де жөтеле бастады. Сол сәтте ту артымыздан: «Противогазды киіп, етпеттей жатыңдар! Бұлтқа қарамаңдар!» – деген өктем бұйрықты естідік.

Қанша уақыт жыра түбінде ауа жетпей тұншығып, ақыл-есім шатасып жатқанымды білмеймін. Полк командирі келіп, лагерьге қайтуға рұқсат дегенше қозғалуға құлқымыз да болмады. Содан жазғы лагерьге келсек, автомобильдер күтіп тұр. Соларға жапа-тармағай отырып, отқа оранған тауға аттандық. Сөйтсек, жарылыс жасалған алаңнан бергі

30 шақырымдай дала да түгел отқа ораныпты. Біз соны екі тәулік өшірдік. Одан соң бомба орнатылған темір баганның күйген орнын, топырақ атаулы кәдімгідей балқып, қап-қара күлге айналған бір қабат қыртысын бульдозердің қырғышымен сыпырып, терең апанға көмдік. (...) Былтырдан бері құрылыс батальоны қаншама бейнетпен тұрғызған екі-үш қабатты үйлердің орнын үймеден тазалауға да бірнеше ай жұмсадық. Таза-лау жұмыстарын біздің полк желтоқсан айында тәмамдап, «М» алаңы деп

аталған жаңа қонысқа ауыстық. Ол осы күнгі Шаған қалашығы, сол жерде ұшу алаңын бетондап, ұшқыштар мен қала тұрғындары тұратын үйлер тұрғыздық. Полигон атырабындағы қызметімді мен 1950 жылдың қараша айында аяқтадым. Көз көрген, өзім қатысқан құпия жұмыстарды ешкімге айтпаймын деп қолхат жазып, әскер қатарынан босап, Семейдегі саперлер батальонына контракт бойынша ауыстым...

Неге сөйткенімді ешкімге айтқам жоқ. Бірақ әскери полигондағы ауыр жұмыс титықтатып, одан да гөрі «Пәледен машайық қашыпты» деген пәлсафаға жеңсік беріп, қатерлі жерден аманымда қашығыраққа кетуге бекіндім. Амал не, кешігіппін. Әскер қатарынан 1951 жылы біржолата босап, бейбіт еңбекке ауысқан кезде-ақ бүкіл денем қышып, жон терім суланып тұратын дертке ұшырадым. Соған «соқыр тауық» дейтін көз ауруы қосылып, одан да өзге сырқаттар күллі денемді жайлап, азап шегумен өмір сүріп келемін. Сол да өмір ме, аурушаң, әлсіз адамға айналдым. Полигондағы командирлерім бізге: «Сендердің осы өңірдегі жанқиярлық ерліктеріңді Кеңес үкіметі ұмытпайды, түрліше марапаттар аласыңдар...» – дейтін-ді. Шындығында жанкешті жұмысым үшін мен бір жапырақ мақтау қағаз да алғам жоқ. Атом сынағынан алған сырқаттарыма үстеме ақы да төленбеді. Өйткені әскери құжатымда сол аймақта қызмет еткенім жазылмаған. «Қуынбайсың ба?» – деген немере қызыма: «Отаныма еңбегімді сатамын ба?» – деп басымды сипаймын...»

Әлбетте алғашқы атом бомбасының сынағын қорғанышы мықты қосында отырып бақылаған бір ғана В.И. Жучихин емес. Қарамды топ. Солардың бірі – профессор Л.В. Альтшулер. Одақтық «Литературная газета» жариялаған (6 маусым, 1990 жыл), «Бомбаны біз осылай әзірлегенбіз» деп аталған сұхбатында атомдық жобаның теориялық физика бөлімінде 22 жыл еңбек еткенін, кеңестік қасаң идеологияға бас иеген бірбеткей қайсарлығы үшін сол жұмыстан аласталғанын да сөз еткен кексе ғалым өзі көрген алғашқы жарылыс туралы да там-тұм сыр шертіпті...

Л.В. Альтшулердің сипаттауынша, жарылыс дүмпуінің жобаланған қуаттан асып түскені сонша, асты-үсті, күллі қабырғасы бір метр бетонмен және қорғасын қорғауышпен қапталған, эпикіндіктен 14 шақырым жердегі жер астындағы мықты бекіністе отырған үкімет комиссиясының кейбірін жарылыс дүмпуі сәкіден жұлып алып, бетон еденге сұлатқан. Маршал министрдің жарқыраған күнқағары еденге жалп еткен. Өзі де жер қауып құлауға шақ қалған. Дес бергенде алып денелі Ванниковпен иық түйістіріп отырғаны сеп болып, Борис Львовичтің сүйеуімен жер сүзуден аман қалған-мыс. Бәрінен де Л.П. Берия көбірек зардап шегіпті. Жаратылысында өркөкірек адам көзіне қара көзілдірік киіп, теріс қарап етпетінен жату керек деген рәсімді тәрк етіп, бақылаушылар үшін жасалған тауаша қуысындағы терезеге ынтыға үңілген деседі. Сұрапыл дүмпу оның әкімдік айбарын неғылсын, екі-үш қабат қалың шынының быт-шытын шығарып, әйнек жарықшақтары қаһарлы басшының бетіне жауған. Маңдайы, бет-аузы жараланып, қазандай басы да бетон қабырғаға соғылған, мұрнынан да қан сауғалапты. Бадырақ көзінің де жарақаттануы кәдік екен, шынысы қалың кө-

зілдірігі сақтаған-мыс (Осы гәпті мысқылмен сипаттаған Л.В. Альтшулер: «Қамқоршымыздың» мұрны емес, жүрегінен қан сауғалап, сол сәтте жан тапсырғанда өзі үшін ондырақ болатын еді. Өйткені атақты мемлекет қайраткері жұмыс үстінде, Отан мерейі үшін шейіт болды деп аза тұтып, сол жылда-ақ қоладан зәулім ескерткіштер қойып, үлкен бір қалаға есімін беріп, мәңгілік құрметке бөленуі хақ-ты. Амал қанша, оның тағдырын 1953 жылғы әскери сот мүлдем басқаша шешті. Бұл да жазмыштың жазуы...» – деген өкініш айтыпты). Ең ғажабы, жантүршігерлік қаруды жарық дүниеге келтірген ғылым иелері Курчатова, Харитон және басқалары сақтану рәсімін бекем сақтаған тәрізді, ешбір жарақат алмай, дін аман қалыпты.

Комиссия мүшелері бірнеше минуттан соң тауашаға қайыра үңіліп, сынақ алаңының үстінде бұлқынған қызылқоңыр бұлтты қызыға бақылаған. Аспан көгінде салбыраған саңырауқұлаққа да шошына қарап, бастарын шайқайды (Сынақ туралы естелік айтушылар Мемлекеттік комиссия мүшелерінің полигонға келген күні-ақ американдықтар түсірген алғашқы атом сынағы туралы және Хиросима, Нагасаки қалаларының қалайша күлге айналғаны бейнеленген деректі фильмді көргенін ескерткен. Демек, өздері бақылауға келген жарылыстың нендей керемет екенін, жер-көкке қалайша тарап, жарылған аймақта қандай бүліншілік жасайтыны туралы жеткілікті түрде мағлұмат алған). Енді, міне, сол кереметті кинодан емес, Қазақ даласынан көрді. Атом бомбасы жасайтын бүліншілік қиял өрген ертегі емес, кеңес ғалымдарының ақыл-ойымен жобаланып, кеңес өндірісі, сонда еңбек ететін инженер-техниктердің, бесаспап мамандардың қолымен жасалған қарудың күш-қуатын көріп, жан-тәнімен сезді. Қуанбасқа, шаттанбасқа шамаң бар ма?!

1942 жылдың қара күзінде басталған зерттеу, жеті жылға созылған ұзақ ізденіспен атом өндірісін тыңнан құрып, мыңдаған мамандар мен кемеңгер ғылым иелерінің қажырлы еңбегімен мынадай сұрапыл жарылысқа жеткізді. Ең ғажабы, ұзақ әзірлік, көп жылғы бейнет қас қағым сәтте бұрқ етіп, жер-жаһанды тітіреткен жарылыспен аяқталды.

Комиссия мүшелері бірнеше әскери автокөліктерге мініп, сынақ алаңының кіндік ортасына келеді. Аспанға бой созған отыз метр болат мұнарадан қарыстай қада қалмапты, жым-жылас жоқ болған (демек, миллион градусқа көтерілген жалын ондаған тонна құрыштан жасалған қаркасты қас қағым сәтте балқытып, суша ағызған). Мұнара іргесіндегі жер де балқып, қиыршық тасы суша ағып, сыпыра өртеңге айналған. Селеу мен бетеге қаулап өскен қайран жер ғайып болып, қалыңдығы бір қарыс күйік қабат түзіпті. Соны көрген лауазым иелері автомобильден жерге түспей, қатерлі аймақтан бес-он шақырым ұзап барып, әр жерде жыралар мен бетон дзоттарға көмілген әскери қаруларды түгендейді.

Олар да түп-түгел бүлініп, мұнарадай тып-типыл жоғалмаса да, ештеңеге жарамсыз металл сынығына айналған: тұмсығы екі жаққа қаратылып, шөлкем-шалыс қойылған ұшақтардың доңғалақтары аспанға қарап төңкеріліп, екеуі де ортан белінен қол арамен кескендей қарс айырылыпты; ауыр танктер де бір бүйіріне аударылып, шынжыр табандары

аспанға қарап, башнялары жерге шаншылып қалған; ауыр зеңбіректер де қаңбақтай ұшқан, кейбірінің лафеттері орнынан қозғалмай, оқпаны ғана бірнеше метр жерге допша лақтырылған; жерге сұғына, құдды бір теңіз айдынында жүзіп келе жатқандай қалыпта бекітілген кеме шөккен түйеге ұқсап, астындағы шұңқырға кіре түсіп, бір бүйірінен шоңқиыпты; әр жерге тізілген су жаңа он «Победа» автомобилінің бірде-бірі сау емес, сірә, бакқа құйылған бензин өз-өзінен оталған тәрізді, түп-түгел өртеніп, қаңқалары әр жерде шашылып жатыр; темір жол мен автомобиль даңғылына салынған қос көпір де шегенделген орнынан 20-30 метрдей жерге көшіп, бір бүйіріне қисайған; көпір үстіне қойылған вагондар мен жүк машиналары, сірә, жел екпінімен жетпіс-сексен метрге жылжыған, біріне-бірі мінгесіп, түгелдей металл үймесіне айналған; вагондар мен автомобильдер үстіндегі қиыршық тас жерге бейберекет шашылған, олар да бір жағына қисая құлаған...

Жарылыс алаңынан 5-10 шақырым жерге, кейбірі одан да әріге, бетон қалқалардың ығына байланған, енді бірі терең жыраларға түсірілген қой, ешкі, сиырлар мен шошқалар түп-түгел тырапай асқан. Жүні жидіген, терісі өртенген, көз жанарлары сөнген қалыпта сұлап жатыр. Ғажап жайт: осы маңаттағы қазақ ауылынан сатып алынған жалғыз атан түйе ғана тірі қалыпты. Тек жүні түсіп (әлде күйген), құдды бір ұстарамен қырылғандай тақыр терісі жидіген жануар өзіне жақындаған жан иелеріне мөлие қарап, тілін жалап, ақырын ғана боздапты (Офицерлердің бірі жануардың қиналысына жаны ашып, атып тастауға рұқсат сұраған екен, бастықтардың бірі: «Түйе де тәжірибе үшін қойылған экспонат, биологтар қарап, акт жасағанша өлтіруге болмайды», – деп рұқсат етпеген. Ал биологтар түйенің тірі қалғанын сирек оқиғаға балап, экспериментті одан әрі жалғастыруды жөн көрген-міс. Қысқасы, бейнетке жаратылысынан көмпіс жануардың жүні қайтадан шығып, бірақ мақтадай аппақ түске енген деседі). Сынақ алаңынан әрірекке ұзаған әскери мамандар жол шетінде қанаты күйіп, бүрісіп отырған дала құстарын, жоны күйген, жанары сөнген түлкілер мен суырларды көреді. Бәрі-бәрі әдеттегідей ешқайда қашпаған, табиғи сақтығын «ұмытып», шоқиып отыр.

Эпикіндіктен әртүрлі қашыққа салынған тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттардың дені кәдімгі топырақ үймесіне айналған. Құрастырмалы қабырғалы үйлер де солардың жолын құшыпты. Жоғары кернеулі электр бағандары да күшті толқынға төзе алмай, жел ығына қарай жантайған.

Дегелеңге келгенде олар осы атыраптағы жалғыз таудың қойны-қонышы жаппай жанып жатқанын байқаған. Өртті сөндіруге бұйрық та сол кезде берілген.

Қысқасы, эпикіндікті айналып бірталай жерді атүсті шолған комиссия тәжірибе үшін қойылған қару-жарақ, үй, қойма, шеберхана, кеме, ұшақ, автомобильдер мен жүк көтергіш крандардың, көпір, темір жол вагондары мен тас төселген, асфальт жолдардың, тағы қаншама жабдықтардың түп-түгел пайдалануға жарамсыз болып бүлінгенін көреді. Сөйтіп алғашқы бомба 40-50 шақырым төңіректегі жан-жануар өмір сүру қайда, сол атырапқа қаншама жыл жақындауға болмайтын қу тақыр етіп, жер-суды, ұшқан құс пен

жүгірген аңдар тіршілігін жойған, Інжіл мен Құранда сипатталатын ақырзаманғы тозақты көргендей болады (маршал Василевский дінғуар отбасынан шыққан, шіркеуге елеусіздеп қатынап, құлшылық етуден айнымаған діндар жан болған деседі). Осыншама бүліншілікті жасаған бомбаның қуаты 22 килотонна болыпты (Жапон қалаларына тасталған бомбалар қуатынан екі-үш есе артық. Жарылыс маманы В. Жичухин: «АҚШ баспасөзі олардың қуатын 20 кг деп дабыралап көрсеткен, шындығында 13-15 кг шамасында», – дейді).

«Товарищу Сталину И.В.

Докладываем Вам товарищ Сталин, что усилиями большого коллектива советских ученых, конструкторов, инженеров, руководящих работников и рабочих нашей промышленности, в итоге 4-х летней напряженной работы, Ваше задание создать советскую атомную бомбу выполнено.

Создание атомной бомбы в нашей стране достигнуто благодаря Вашему повседневному заботе и помощи в решении этой задачи. Докладываем следующие предварительные данные о результатах испытания первого экземпляра атомной бомбы с зарядом плутония, сконструированной и изготовленной Первым Главным управлением при Совете Министров СССР: бомба обладала свойствами интенсивного теплового (зажигającego) воздействия на промышленные, военные и гражданские сооружения, полностью поражая огнем поддающиеся возгоранию объекты в радиусе 2-х километров (т. е. на площади 12 кв.километров или 1200 гектаров).

Полный отчет о результатах испытания будет представлен через 1-1,5 месяца.

Л. Берия, И. Курчатов. 30 августа 1949 г.

Район испытаний (в 170 километрах западнее г. Семипалатинска)».
А. АНТОНОВ-ОВСЕЕНКО, «Лаврентий Берия» кітабынан:

«Ең алғашқы атом бомбасы сынағы сәтті өткен соң-ақ осы жұмысқа қатысқан ғалымдар мен инженерлерді үкімет марапатына ұсынуға үкіметтен тапсырма түскен. Бұл да оп-оңай шаруа емес, өйткені сол «бұйымды» жасауға мыңдаған адам қатысты. Кімнің қанша еңбек сіңіргенін нақты анықтау қажет. Қысқасы, сол мәселе де Л.П. Берияның кабинетінде шешілген.

– Мен сол шаруаны ойлап бас қатырудамын. Өйткені қаншама адамның жанқиярлық еңбегін марапатпен құрметтеп әрі ешкімді ренжітпей әділ бағалау қажет дегенімде, Берия маған ожырая қарап, сейфті ашып, екі-үш папканы алдыма қойды... – деп бертінде кейбір серіктеріне сыр шертті Курчатов. – Солардың ішіндегі материалдарға үңілсем, құдай сақтасын, жүздеген адамға жасалған «қара тізім». Мысалы, маған, Харитонга, Зельдовичке, Щелкинге, яғни басты мамандарға – өлім жазасы, еңбегі мен қызметі бізден төмендерге – 25, 15, 10 жылға бас еркінен айыру жазасы жобаланған. Яғни, «бұйым» алда-жалда жарылыс бермесе – бәрімізге тиесілі «сыбаға»...

Не дерімді білмей Берияға қарадым.

– Неменеге ожыраясың? – деп қарқылдады Берия ешбір қымсынбай. – «Бұйым» жарылды, жұлдыздарың жанды. Осы тізім бойынша сый-сияпат аласыңдар...

Шынында да солай болды».

Ордендер, медальдар, Мәскеу іргесінен меншігіне жайлау үйлер, автомобильдер мен ақшалай сыйлықтар, әртүрлі жеңілдіктер мен құрметті атақтар тежеусіз үлестірілген. И.В. Курчатов, Ю.Б. Харитон, Я.Б. Зельдович бастаған жетекші ғалымдарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп,

К.И. Щелкин, П.М. Зернов сияқты бомбаны жасаған өндіріс жетекшілері мен басты мамандар, осы зонадағы әскер командирлер, Л.П. Берия бастаған мәртебелі шенеуніктер де үкімет марапаттарын аста-төк алып, бірталай уақыт өздерін жер кіндігі сезініп, асқақ сезімге бөленген. Бұл енді – еңбегіне қарай төлемі дерлік жайт! Алсын, Отан қорғанысы үшін ұлан-ғайыр іс атқарған екен – қызығын көрсін!..

В.И. Жучихин «Алғашқы атом бомбасы» кітабында КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 29 қазанда қабылдаған құпия қаулысының көшірмесінен үзінді келтірген...

«За успешное выполнение специального задания Правительства Совет Министров Союза ССР ПОСТАНОВЛЯЕТ:

...73. АЛЬТШУЛЕРА Льва Владимировича – кандидата физико-математических наук, ЛЕДЕНЕВА Бориса Николаевича – научного сотрудника, КРУПНИКОВА Константина Константиновича – научного сотрудника, ЖУЧИХИНА Виктора Ивановича – старшего инженера, КОРМЕРА Самуила Борисовича – научного сотрудника представить к награждению орденом Ленина; премировать суммой 125000 рублей, в том числе руководителя работ Альтишулера Л.В. суммой 45000, а Леденева Б.Н., Крупникова К.К., Жучихина В.И. и Корнера С.Б. – по 20000 рублей, каждого. Присвоить Альтишулеру Л.В., Леденеву Б.И., Крупникову К.К., Жучихину В.И. и Кормера С.Б. – звание лауреата Сталинской премии второй степени; Представить Альтишулеру Л.В., Леденеву Б.Н., Крупникову К.К., Жучихину В.И. и Кормеру С.Б., – право на обучение своих детей в любых учебных заведениях СССР за счет государства; право (пожизненно для них и их жен, и до совершеннолетия для их детей) на бесплатный проезд железнодорожным, водным и воздушным транспортом в пределах СССР.

Председатель Совета Министров Союза ССР И. Сталин».

Кеңес үкіметі алғашқы атом бомбасын жасаушыларды шаш етекпен марапаттады. Ал егер сол бомба кездейсоқ себептен жарылмаса?.. «Огонек» журналының тілшісімен 1993 жылғы 33-санында жарияланған сұхбатында академик В.И. Гольданский кеңестік физиктерді нендей жаза күткені жайында мынадай сайқымазақ ой айтыпты: «Физиктердің өздерін тым еркін ұстауына тыйым салу үшін Орталық Комитет қатаң жазалауға әзірлік жасаған-ды. Биология білгірлерін 1948 жылғы талқандауға ұқсаған шаралар оларға да қолданылмақ еді... Атом бомбасының сәтті жарылуы физиктерді сол «дүрелеуден» құтқарды. Мысалы, атақты академиктерді қудалауға тәжірибесі мол Мәскеу университетінде осындай науқанға дайындық болғаны

маған мәлім. Атақты оқу орнындағы соғындылығына іскерлігі сай безбүйрек демагогтар сол дүрені қай күні бастаймыз десіп, алақандарын түкіріп отырғанда, кеңестік атом бомбасы дүңк етті де әлгі бейшаралар бастарын шайқап, тым-тырыс бұға қалды. Ал егер сол шіркіндерге атомдық пробле-мамен шұғылдан десең – бас тартпас еді, тек кеңестік бомба он жылдан соң жарылар ма еді, шүбәм бар...»

Алғашқы атом сынағы туралы Кеңес үкіметі ТАСС арқылы дүние жүзіне ресми хабар таратқанда АҚШ журналистері «Кеңес Одағының кезекті өтірігі» десіп, көл-көсір лақаптар жариялаған. Ең ғажабы, өздерінің бопсасына олар АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) сол қарсаңда Президент Г. Трумэнге тапсырған кезекті есебінде келтірген басты аргу-ментті, яки «КСРО атом бомбасын 1953 жылға дейін жасай алмайды» деген үзілді-кесілді тұжырымын дәлел еткен. Алайда... ЦРУ да қателеседі, оларда да ақыл-ойы кемшіндер бар. АҚШ-тың тиісті аспаптармен жабдықталған, аса биікке ұшатын әскери ұшағы қыркүйек айының бас кезінде КСРО-ның азиялық атырабынан олай-былай ұшып өтіп, Ертіс атырабындағы ауадан да үлгі алып, тапсырма берген ұжымға жеткізген (о күнде стратосфера қаба-тында емін-еркін сайрандаған шетел ұшағын тежейтін қару бізде болмаған, ондай ұшақты атып түсіретін ракетаны КСРО өндірісі 1960 жылдарда ғана жасағаны жұртшылыққа мәлім). Сол үлгіде ядролық жарылыстар бөлетін радиоактивті бөлшектер бықып жүргенін анықтаған.

Гарри Трумэн 1949 жылғы 23 қыркүйекте радио арқылы сөйлеп, КСРО мамандарының ядролық қарудың аса күшті түрін сәтті жарып, Семей мен Павлодар қалаларының аралығында атомдық сынақ өткізгенін ресми мойындап, АҚШ-тың осы қаруды жеке-дара иеленген монополиясы жойылғанын мәлімдеген.

РДС-2 бомбасын кеңестік атомшылар 1951 жылғы 24 қыркүйекте поли-гонның «Тәжірибе алаңында» сынаған. Соған жұмсалған элементтің салмағы американдықтар Жапонияға тастаған бомбалардан екі есе аз болыпты. Ал қуаты үш есе артқан. Осындай сынақ сол жылы тағы да екі рет қайталанған. Шамалауымызша, екі түрлі конструкция сыналған (Тек сол қандай ділгерлік үшін жасалған? Бұл сауалдың жауабы бізге беймәлім). 1953 жылы төртінші бомба жарылған. Сондай сынақтар жыл бойы бес мәрте қайталанған (23 тамызда, 3 қыркүйекте, сол айдың 8-і және 10-ы күндері; термоядролық сутегі бомбасы 12 тамызда). Атомдық бомбаның әр түріне ие болған Қарулы Күштер министрлігі басшыларының сол қаруға сұранысы жыл сайын артқан. КОКП ОК-і мен КСРО үкіметі де (бұл болса Н.С. Хрущевтің бірегей көсем атанып атқа мінген кезі), оның мосқал жастағы азулы мүшелері де «Атомдық жарылысты жиі-жиі дүңкілдетіп, жерді, ауаны ластап, сол атыраптағы қалың елді шошытып, айықпас дертке душар ету қажет пе, не үшін?» деген сауалды дара билеушіге сірәда қоймаған.

Л.В. Альтшулер «Литгазетада» жариялаған сұхбатында Ю.Б. Харитон-ның осы мәселе туралы күпті сұрауына: «Мен және өзің сияқты физиктер өндіріс білгірлерімен бірге қимылдап, өзіміз ойлап тапқан бомбаларды көптеп жасап, үнемі түрлендіруді ұтымды шешпесек – халықаралық ахуал не

күйде болар еді? Біздің әрекетіміз адамзат қауымына игі қызмет етті. Өйтпеген күнде АҚШ билеушілері біз ғана емес, талай елдің төбесіне әңгіртаяқ ойнатып, ойынан келгенін істер еді. Қазір ше? Үкімет тапсырмасын дер кезінде әрі үстемелеп орындағандықтан, міне, мамыражай тыныштықта өмір сүріп отырмыз», – деп күпті ойын тарқата жауап бергенін мысалға келтіреді. Көкейге қонымды пікір. Әйтсе де... Кеңестік атомшы ғалымның сол іске өзінің қатысуын әлемдік текетірес тайталасына сайдырып, ар-ожданын келешек қауым алдында ақтауды ойлағаны да айқын сезіледі. Өйткені сол жылдарда өмір сүрген кеңес азаматтарын атомдық эйфория желіктіріп, ізгі ниетпен қоса бүлдіргеніміз де аз емес-ті... Дерекке жүгінелік: «Семей полигонының іске қосылуы, оның алаңдарында ядролық жарылыстардың жасалуы – кеңес халқының тарихындағы аса елеулі кезең... – деген тұжырым айтылған «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабының 57-бетінде. – Осы полигонда КСРО-ның ядролық жобасының ең басты ғылыми сынақтары сәтті жасалды. Ядролық қарудың алуан түрлері сыналып, Отан қорғанысын жаңа кезеңге көтерген ауқымды шаралар жүзеге асты. Соның бәрі біздің күш-

қуатымызды әлем халқына танытып, ерекше сүйсінткені – даусыз ақиқат. Әлбетте ең алдымен кеңес халқы, оған қоса күллі адамзат қауымы атом қаупінен сескенбей тыныш ұйықтауына 1949 жылғы тамыз айындағы Кеңес Одағы жарған алғашқы атом бомбасының сәтті сынағының мәні ерекше оқиға болғаны айқын...»

* * *

1949 жылғы және содан кейінгі сынақтардың полигон төңірегіндегі халық пен жерге залалы полигон қызметкерлеріне түсініксіз себеппен әсер етпеген. Мысалы, синоптиктердің 29 тамызға болжамы жарылыс үшін аса қолайлы еместігін Мемлекеттік комиссия күн ілгері білсе де сынақ сағатын небәрі бір-ақ сағатқа шегіндірген. Неге? Біздіңше, нақ осы шешім полигон төңірегіндегі тұрғын халықтың сорын қайнатқан. Ауа райы кенет суыды. Аспанды қорғасындай ауыр бұлттар торлады. Жел де күшейіп, ежелгі дағдысынан айнымай, терістіктен оңтүстікке қарай үдей соқты. Комиссия мүшелерінің кейбірі – кемеңгер физиктер. Жарылыстан соң миллиондаған радиация бөлшегі, тағы қаншама зиянды заттарды қас қағым сәтте аспанға көтеріп, бес-он минуттан соң полигон үстінен түстікке жөңкілетінін олар біледі. Сөйтсе де жарылысты кейінге қалдырмаған.

Саңырауқұлақ кейпіне еніп шудаланған бұлттар мың есе күшейген ауа толқынына ілесіп, Қазақ даласының оңтүстік-батыс қиырына қарай ығысты. Сол бетінде Новопокров (Жаңасемей), Абай, Абыралы, Аягөз және Шұбартау аудандарының байтақ жерін басып өтіп (теріскей шеті осы аудандармен іргелес Қарағанды облысының Қу, Қарқаралы аудандарының полигонға ұрымтал ауылдарын да ішінара шалғаны бертінде анықталған), одан әрі Балқаш көліне ойысқан...

Соның бәрі радиация бөлшектерімен мейлінше былғанған. Сол пәлекет өлшенді ме? Жоқ, мүлдем тексерілмеген. Тексеретін жабдық та болмаған.

Сәтті жарылыс эйфориясының астында ұмыт қалған. Қысқасы, алғашқы және одан кейінгі жарылыстардың зардабын ең алдымен сынақ алаңына ұрымтал орналасқан, Ертістің оң жағасындағы елді мекендер тартқан. Әлбетте түстік жақтағы қазақ ауылдары да тиісті «сыбағасын» молдап алған. Мысалы, оң жағалаудағы өлшеу жүрген Долон елді мекеніне таңғы сағат 7-8 аралығында түскен радиоактивті бөлшектер 200 рентгенді көрсетіпті (Сол шама бір тәуліктен соң 60 рентгенге төмендеп, келесі аптада қайтадан 100-ге көтеріліп, қыркүйек айының аяғында 130, жыл бойынша ортақ көрсеткіш 160 рентген болған). Демек, мекен-жайын, мал өрісін күні-түні торлаған радиация шоғырынан долондықтар жыл бойы құтыла алмаған. Ең ғажабы, сол бейшараларға ешқандай дәргерлік көмек те жасалмаған. Өйткені «Сынақ таза өтті. Одан ешкім, жер-жаһан да зиян шеккен жоқ...» деген бопса жолды болған...

Мүтән АЙМАҚОВ, «Көргендерім» кітабынан үзінді (49-57-бб.):

«Мен 1949 жылдың жазында «Қоныстан» колхозындағы бастауыш мектепке мұғалім болуға Абыралы ауданының оқу бөлімінен бұйрық алғамын. Оқу жылын бірақ уақытында бастай алмадым. Өйткені тамыздың 28-і күнінен бастап колхоз орталығына әскери адамдар келіп, ауыл-аймақты, маңайдағы қыстақтарды күзетке алып, ешқайда шығармады. (...) 29 тамыздағы таңғы алтыда солдаттар бүкіл ауылды үйлерінен сыртқа шығарды. Айтқан уәжі: «Сәлден соң бір жаздай болады. Етпеттеп жерге жатыңдар. Көздеріңді ашпаңдар, бастарыңды көтермеңдер! Сөйтпесеңдер – өмірлеріңе қауіп!..» – деген соң, амал қанша, айтқандарын істедік. Менің орысшам көп-көрім және сол ауылдағы оқыған естиярмын. Солдаттарға көмектестім. Әлқисса, содан сағат жеті шамасында жер астынан шыққандай күркіреген гуіл естілді. Іле табан астымыз шайқалды. О кезде қайбір бекемдеп салған үй бар? Шикі кесектен салынған жатаған үйлердің Ертіс жақтағы қабырғасы сөгіліп құлай бастады. Салдыр-гүлдір етіп терезе шынылары сынды (Сонда ғана үш жылдан бері өзімізді төңіректен жүрген әскерилердің сыры мәлім болды. Солар жасаған атомдық сынақтың алғашқы құрбаны болғанымызды, рас, төрт жылдан кейін білдік).

«Бисмилләни» іштен айтып, қора-жайдан аулақта жер құшып жатырмыз. Ешқайда қарамаңдар десе де әуесқойлық жеңіп, бетімді алақаныммен көлегейлеп, аспанға ұрлана сығаладым. Қарақошқыл бұлт шоғыры күннің көзін түгел жауыпты, сол сәтте түнерген көк күреңітіп, сәл-пәл қызарғандай болды. О, тоба! Қалпағы үлкен, сабағы жуан саңырауқұлаққа ұқсаған қарақошқыл бұлт шудаланып, ұйпаланып, жан біткендей ыбыр-жыбыр қозғалып тұр. Әлден соң жан-жаққа жайыла бастады. Шай қайнатым уақыт өтті ме, білмеймін, шоғыр бұлттың біразы Дегелеңнен бері асып, біздің үстімізге төнді. Ауыл иттері күншығысқа қарап ұли бастады. Сиырлар өкірді, түйелер боздады. Сөйткенде ботасын іздеген інгендей емес, әлденеге шағынғандай біржосын зарлы үн шығарады. Кейбір сиырлар күл үйілген төбешікке шығып жер тарпыды. Жылқы атаулы өрісті тастап, қотанға шауып келіп, әлденеден

үріккендей ауылдың ортасына тұрақтады. Сол жануарлар бір сұмдықтың болғанын сезген тәрізді. Әлде жан иесі деп бізден көмек күтті ме?..

Бертінде білдік: біздің ауыл, Тайлан мен Саржсал елді мекендері, Бөрлі маңатындағы ауылдар сол күні 160 рентген мөлшерінде радиоактивті заттармен дем алыптыз. Бұл енді – әскерилердің өлшемі. Шындығында одан да көбірек уланған сияқтымыз. Соның жауабын енді кімнен сұраймыз? «Жау кеткен соң қылышыңды күресіңге шап...» дейтін жағдай...»

Сейілхан БАЛТАБАЕВТЫҢ естелігінен үзінді (қолжазба, 3-4-бб.):

«1949 жылдың тамыз айының соңғы аптасы екені есімде. Киров колхозындағы мектепке бармақ болып, күн шыға тұрып киініп жатқанымда, біздің ауылды күзетуге келген солдаттар бәрімізді сыртқа шығарды. Сөйткенше болған жоқ, әлдекім сіріңке жаққандай болып, әлдене жарқ ете қалды да төңірек қараңғыланып, іле қайта ашылды. Кенет табан астымыздағы жер солқ етті. Бұл не пәлекет деп аңырып тұрғанымызда қара дауыл соқты. Мен құралыптас бүлдіршіндер жерге мұрттай ұшты. Ширек сағаттан соң Разведка орныққан жердің күнбатыс тұсынан шоғырланған әрі ұйпаланған қара бұлт аспанға көтерілді. Төменгі жағы қып-қызыл от... Біз тегінде Балапан бұйратында қаннен-қаперсіз отырып, атомдық жарылыстар таратқан зиянды заттардың астында өмір сүріп-піз. Рас, жарылыс жасардың алдында Разведканың жұмысшылары мен үй-ішін Семей қаласының төңірегіне көшіріп, бірер аптадан кейін қайтадан әкеліп тастады. Автомобильдер әскердікі, пәлендей шығынымыз болмаған соң үндемейміз. 1949 жылдан кейін де бірнеше сынақты бастан өткіздік. Біздің үй көбіне Қарабас тұзды көлінің жағасына көшетін еді. Өйткені сол жердің жайылымы жақсы, мал тез семіреді. Балапандағы жұртымызға аман-есен қайтып келгенімізге мәзбіз. Уланған, радиация күлі мол түскен залалды жерге қайтып келгенімізді, әрине, білгеміз жоқ. Көмір ошағын зерттейтін ГРП сол жердегі ізденісті 1953 жылы біржолата тоқтатты. Әрине, әскерилердің әмірімен. Барлаушы ұжымның бір тобы Ертіс жағасындағы Павлодар облысының Май ауданындағы Тасқайнатқан деген жерден әктасын алатын кенішке көшті. Біздің үй де барған-ды, ауыз суға жарымаған соң, келесі жылы Шар ауданына қоныс аудардық. Құдай оңдап полигон тарсылынан құтылды деп ойлағанбыз. Сөйтсек, 1949-1953 жылдар аралығында Балапанда отырғанымыз («Тәжірибе алаңына» ұрымтал, небәрі 30 шақырымдай жер, бертінде сол жердің өзінде әскерилер жүзден аса жарылыс жасаған – М.С.) текке өтпеді. Айналасы он жылда біздің отбасымыздан төрт адам – аққан ауруынан әке-шешем, үлкен апам Назгүл мен қарындасым Рысты өлім құшты. Осы жолдарды жазып отырғанымда мен 77 жасты еңсердім. Соған да таңғаламын, тәубе деймін, тағдырдың жазуы деп шүкірлік айтамын...»

Дүйсенбай ҚОШҚАРБЕКОВ, «Мен көрген полигон кеселі» («Семей таңы», 26 шілде, 2011 жыл):

«Менің әкем Жұмабайұлы Қошқарбек Абыралы ауданына қарасты Жданов атындағы колхоздың Келдібай қыстағындағы бір табын сиырды бағып әрі сол ферманың бастығы болды. Жаз шыға қыстақта бір адам

қалмайды, жер отын көтеру үшін алысырақ жерге жайлауға шығамыз. 1949 жылдың күзіне қарай теріскей жонға көшіп, Дегелең тауына ұрымтал Мырзеке деген бұлақ басына қондық. Жазғы демалыс бітуге айналған мезгіл, тамыздың аяқ шені. Бірде шаңқ етіп жарылған бір нәрсенің даусы шықты, Дегелең тауының бергі беті қып-қызыл от болып жанып, соның үстіне бұйраланған қара бұлт шықты. Біз бұл не пәлекет деп қызықтап тұрғанымызда, кейбір балалар «Ойбай, көзім күйіп барады!» деп зар қағып, жерге отыра кетті. Мен көзімді қолыммен көлегейлеп, бұлт тұмшалалаған Дегелеңге қарадым. Жаңағы бұлт тарқамай жатып, соның кіндік ортасынан тап сондай екінші бұлт шошайып шығып, жоғарыға өрледі. Ал тау бетіндегі қызыл от сәл бәсеңдегендей болды.

Содан ауылға келсек, үлкендер де Аллаға сиынып, есік алдында ербиіп тұр. Біз отырған жұрттан Дегелеңнің Әулие асуы атанған биігі жиырма шақырымдай жерде. Кейіннен сұрастырғанда білдім: бізден алпыс-жетпіс шақырым Қайнардағы жұрт тау басындағы от пен қызылқоңыр бұлтты көрмеген, аспанға тік шаншыла көтерілген саңырауқұлақты ғана байқапты. Шаңқ еткен дүңкілді де естіген. Көкжиекте бұрқ-сарқ шудаланған бұлтты қызықтаған балалардың сол күні тамаққа тәбеті болмай ауырғаны анық...»

Өкінішті ахуалды қайталауға мәжбүрміз: сынақ алаңына 30-40 шақырым жердегі қазақ ауылдары ешқайда көшірілмеген; жер-жаһанды уландырған радиация тозаңын сол шерменделер ауадан да, жерден де жұтқан; ластанған жер-суды тазарту жұмыстары мүлдем жүрмеген. Таңғаларлық бейғамдық, әлде жарылыстың әсерін тексеру үшін тұрғылықты халыққа жасалған эксперимент? Зардап шеккендерден бізге мәлімі – Знаменка, Чайковка, Балапандағы кеншілер қосыны, Саржал, Қарашілік, Қайнар елді мекендері. Шамалауымызша, Қарауыл кентінің, Шыңғыстау атырабындағы ауылдардың тұрғындары алғашқы жарылыста, одан кейінгі сынақтарда ауа арқылы тараған шаң-тозаңы мен радиация күлін жұтумен күн кешкен. Әлбетте көп уақытқа дейін қандай қатерді басынан кешіп отырғанын сезбеген...

* * *

Сәтті жасалған алғашқы сынақтан кейін 1-Бас басқарманың іскер жетекшілері Ертіс жағасындағы қалашықтың ұсқынсыз келбетіне көңілдері толмай, осы жерде айлап, жылдап отырып, ғылыми тәжірибемен шұғылданатын қызметкерлердің тұрмыс жағдайын оңалтуды ойлап, Мәскеу-400 елді мекенін қайтадан салуға шешім қабылдаған. Іле-шала жоба жасалып, бертінде әскери қалашық келбеті өзгеріп, әуелі үш қабат, соңынан төрт қабатты жаңа үйлер бой көтереді. Бәрі кең көше түзеп, солардың ортасына тырбық ағаш пен гүлдер егіліп, бұрын көдесі бұрқырап, селеу өскен сидан дала жасыл көрікке енеді. Күллі қала бір қазандықтан жылынып, барлық үйлерге жылы су мен газ жүйесі тартылады. Қалалық бақ бой түзеп, би алаңы, кинотетар, мәдениет сарайы, кеңсе ғимараттары, сәулетті дүкендер салынады. Мейманхана мен мейрамханалар ашылады. Ғылыми институт-

тардың филиалдарына арнайы мекендер тұрғызылған. Олардың саны 1970 жылдары 28-ге жеткен (соңғы кезде олар 32 болған, ал тұрғын халқының саны әскерилермен қоса 50 мың шамасында). Демек, қыр төскейіндегі осы қалашықта кеңестік ғылымның ең озық, маңдайалды білгірлері жиналған (тағы бір өзгешелігі – кілең жас зерттеушілер бас қосқан, өйткені бұл жердегі объектіде әлемдік ғылымның, әсіресе физика мен химияның ең озық жетістіктері сыннан өтетін, яғни өзінің де неменеге жарайтынынды көрсете алатын эксперименттік орталық орныққан). Полигон территориясында атомдық ғылымның үздік үлгісі саналатын үш реактор салынып, күллі сынақ алаңын, қалашықты электр энергиясымен жабдықтайтын қуат көзіне айналады (бертінде «Байкал» аталған реакторлар бүгінге дейін жұмыс істеп, Ертіс жағасындағы елді мекендерге, Абай ауданының барлық шаруашылықтарына және Абыралы аймағындағы ауылдарға электр қуатын беретін болды).

Қысқасы, жабық қала саналса да, дамылсыз дүмпулерімен барлық құпиясы Қазақстан түгілі күллі әлем жұртшылығына мәлім болған әскери мекенге бертінде кеңестік қала құқығын беру қажеттігі туындаған. Сол мәселе 1974 жылы оңды шешіліп, бұрынғы «Надежда», «Мәскеу-400», «Семей-21» атауларынан құтылып, әкімшілік жөнінен Семей облысына қаратылып, облыстық деңгейдегі дербес қала құқығына ие болады. Қала тұрғындарының өтінішімен Курчатов атанады. Игорь Васильевичтің осы мекеннің іргесі көтерілуіне, осы аймақтың ғылыми сынақ алаңына айналуына сіңірген еңбегі, әрине, атомдық ізденіс пен соның өндірісін тыңнан тұрғызудағы жанқиярлық ісі де ескеріліп (физик әріптестерінің есептеуінше, осы қалада ол толық екі жыл ғұмырын өткізген-міс), қаланың бас көшесі кеменгер физиктің есімімен аталып, гүл көшеттері бой түзеген көрікті алаңға қоладан құйылған сом ескерткіші тұрғызылған (Дарқан өмірдің кезекті сайқымазағы десек те рауа, сол даңғылмен жапсарлас көше тірі кезінде-ақ Л.П. Берияның есімін иеленіпті. Бірақ «ғұмыры» шолақ болыпты. Г.М. Маленков пен Н.С. Хрущев 1953 жылғы ұйымдастырған саяси «төңкерісте», КСРО-ның бас жендеті болған нағылет қамауға алынған жазда-ақ көшенің аты жедеғабыл өзгертілген).

Қалашық ірге көтерген жылы пайдалануға берілген темір жол бекеті «Конечная» деп аталған-ды (Оның түпкі бекет болуы XX ғасырдың аяқ шеніне, яки Павлодар облысының территориясындағы Ақсу бекетіне темір жол тартылғанға дейін сақталды. Кенді Алтайдың төріндегі Риддер кентін, Өскемен мен Семейді Павлодар қаласына Курчатов арқылы төте жолмен қосу идеясын көтеріп, Астанаға апаратын болат жолды жедеғабыл салғызушы Павлодар облысының сол кездегі әкімі Ғалымжан Жақиянов еді). Ақырғы бекет атанған сипаты өзгерген соң-ақ «Конечная» бекеті «Дегелең» аталды (Шаған қалашығындағы дивизия жауынгерлері мен әскери ұшқыштар осы қаланың есебіне кіреді). Сол қарсаңда қалада үлкенді-кішілі сегіз мейманхана болыпты. Қала тұрғындарының тұрмыс күйттері оңды. Дүкендері тауарға, азық-түлікке бай (Семейдің талғампаз қауымы, әсіресе әйелдер түрлі амалдармен Курчатовқа кіруге рұқсат алып, мәскеулік әмбебап

дүкендерге ұқсаған сауда орындарынан неше түрлі қымбат та әдемі киім-кешек алуға құмар болатын).

Әлбетте «Ядролық полигон» – бір ғана Курчатов қаласы емес, әрбір сынақты тыңғылықты өткізіп, соның қуатын, бүлдіргіштік күшін дәлірек анықтау үшін ондаған дзоттар, тұрғын үйлер, қоршауы мықты бекіністер тұрғызуға тура келеді. Соның бәріне жұмыс қолы керек. 1963 жылдан беріде жарылыс жер астында жасалатын болды. Сол үшін жүздеген метр тереңге түсіп, ұңғымалар, штректер дайындау қажет. Ә дегенде жер астындағы жұмыс солдаттар қолымен атқарылған. Алайда небәрі екі жыл мерзімге әскер қатарына алынған жас өрендер сол жұмыстың қыр-сырын білмейді. Жер қазу ісі де өнбеген. Өзін де, өзгелерді де опатқа ұшыратқан төтенше жағдаяттар да жиілеген. Амал қанша, проходка жасауға көтеріңкі еңбекақы ұсынып, Кенді Алтайдағы кеніштерден байырғы бұрғылаушылар шақырылған. Ондап емес, жүз-жүздеп. Дегелеңнің күнбатыс баурайында тұрғызылған төрт қабатты үйлер қалашығы да осы мұқтаждықтан өрбіген...

1959 жылы Геология министрлігі, Ғылым академиясының мамандарынан және Қарулы Күштер министрлігі Бас басқармасының өкілдерінен құралған үкімет комиссиясы Семей полигонына қарасты аймаққа арнайы зерттеу жүргізіп, жерасты сынағы үшін алаңдар қарастырған. Біршама ізденістен соң үш түрлі ұсыныс дайындалған: соның алғашқысы – «Дегелең алаңы», осы таудың 33100 гектары жерасты сынағына қолайлы, яғни 150, 200, 300, тіпті 500 метр тереңге ұңғымалар түскен, кейбіріне штольнялар (тау жотасына көлденең жүретін үңгірлер) қазу арқылы ауаға ешқандай қоқыс шықпайтын бұқпа сынақ жасауға болады-мыс; екінші кезекте ұсынылған аймақ – қыртысы борпылдақ Балапан бұйраты; үшінші жер – Мыржық тауының оңтүстік бөктері. Үшеуі де өздерінің құрылыс базасы орныққан Ертіс жағасынан қашыққа ұзамауға негізделген. Демек, үшеуі де жер-жаһанды қақыратқан дүңкілден арылмаған атырапты одан әрі түйгіштей беруге жобаланған...

Бұл аймақтағы алғашқы жерасты сынағы 1961 жылғы 9 қыркүйекте, ең соңғысы 1989 жылғы қазан айының 19-ы күні жасалған. Яғни, 28 жыл бойы дамылсыз жүрген. Сол жылдарда тек қана Дегелеңнің астында 296 сынақ жасалған. Солардың дені аса қуатты дүмпулер. Сом жартастан түзілген, аса мықты гранит пен мәрмар тастан жаралған қайран тау соншама түйгіштеуге қалай шыдаған деген күпір ойға қаласың. Әрине, төзбеген, астыңғы қыртыстары бордай үгіліп, ұшар басындағы заңғар жартастар, бүркіт ұя салған құзар шындары шөгіп, бұрынғы дара келбетінен жұрдай болған...

1980 жылдың күзінде семейлік зиялы қауым қазақ балалар әдебиетінің атасы атанған көрнекті жазушы Сапарғали Бегалин ақсақалдың туғанына 80 жыл толуына орай үлкен салтанат ұйымдастырып, Семейде, Қарауыл және Қайнар кенттерінде атап өтті. Ақсақалдың ержеткен ұлдары Мәжит, Хамит, Қасымды және әдебиет пен мәдениеттің бір топ қайраткерлерін ертіп, қарамды топ болып туған еліне мінәжат ете келген қарт қаламгерді біз бес «Волгамен» туып-өскен жұртын бірнеше тәулік аралатып, құрмет көрсеттік. Сол сапардың төртінші күні Сапекең бізге: «Әй, бауырлар, қызметтеріңе дән

ризамын. Бәрің де менің жасымнан асыңдар! Сендерге енді бір ғана өтінішім бар: Дегелеңге апарып, кіндік қаным жуылған Қалыбай бұлағынан бір жұтым су ішкізіп, ата-бабаларымның зиратына құран оқып, аруақтарға тағзым еткізіндер! Жүрдек машина берсеңдер болды, қыстауыма барар жолды өзім көрсетемін...» – десін. Біз үшін бұл – шешуі о күнде күрделі іс: облыстық ауатком төрағасының орынбасары Мағжан Орынбаев пен Абай ауаткомының төрағасы Рымхан Ғабдолла баласына қарадық...

Ақсақалға жауапты Рекең берді: «Сапеке, бұл тілегіңізді орындай алмаймыз, Дегелеңнің қойнына бойлап кіру қайда, сол маңатқа жақын-жуық баруға менің, иә, осы ауданның өкіметі болсам да құқым жоқ. Егерәки сізді сол жерге амалдап кіргізсем, Дегеленің ұрымтал шоқысында қарауылда отырған сақшы рация құлағын бұрайды да әскери штабқа хабарлайды. Одан көтерілген тікұшақ сізді де, мені де дереу тұтқындап, штабтарына апарды. Қысқасы, сол бір қарекетім үшін партбилетімді беріп құтылсам тәубе дер едім. Жағдай солай, бұл іске бізді қинамаңыз...» – деді.

Сапекең үндеген жоқ. Тұнжыраған әлпеті тарқасын деген оймен бір кезде Қалыбай ауылының төр жайлауы болған Мейзек тауының бөктеріне апарып, ол болса Қайнар кентінен отыз шақырымдай түстікте еді, жас күнінде қозы бағып, тай үйреткен жазғы қоныстарын аралатып, көңілін жадыраттық.

Әлқисса, содан келесі күні Семейге аттанып, бес «Волга» қонақтар, алтыншы машина ауатком төрағасы мінген автомобилі болып, Саржал ауылын жанамалай жүріп, Ащысу өзенінің жағасында күзекте отырған орденді, озат қойшы Төлеутай Құрмановтың күзгі қыстағына келдік. Сапекеңмен Абай елінің қоштасуы сол жерде, дастарқан басында өтпек-ті. Құрметті қонағымыз арнайы тігілген қойшы үйіне бірден кірген жоқ, қасына мені және кенже ұлы Қасымды ертіп, ауыл төріндегі төбешікке қарай аяңдады. Төбе басына шыққан соң менің қолымдағы дүрбіні алып, күнбатыс қиырда мен мұңдалап құздыып тұрған, шамасы 25 шақырымдай жердегі Дегелеңге назарын тіктеді.

Қасым екеумізде үн жоқ, тым-тырыс томсырайған ақсақалға жаутандай қарадық.

– Медеу, бері жақында, мынау не сұмдық, мен не көріп отырмын? Дегелеңнің Найзашоқысы қайда? Әулие асуы да көрінбейді. Біржола құртыпсыңдар. Ойбай-ау, найзадай боп аспанға тік шаншылған, ұшар басына қыран құстар ұя салатын биігі қайда?! Жоқ, ұшты-күйлі жоқ, сығыр құдай!..

– Қазіргі жарылыстар жер астында жасалады, ағасы. Үш жүз, кейде бес жүз метр тереңде тұталатын дүмпулер күні-түні төмпештей берген соң аспанға бой созған сом жартас шыдай ма, сірә, төменге шөккен... Біз оны білмейміз, білуге де қақымыз жоқ. Найзашоқыңыз да дамылсыз төмпештеуден жер жастанған шығар... – деп мен өз ойымды маймөңкөлеп жеткіздім.

Сапекең кенет қолындағы дүрбіні маған қарай лақтырып, кеңкілдей егілсін.

– Әй, екі ұл, сендер мені неше күннен бері бақытты шал деп өтірік мақтап, кәрі көңілімді арзан сөзбен алдапсыңдар. Сексенге келіп, бес «Волгамен» туған жерін аралау да зор бақыт дейсіңдер. Бәрі де жалған! Бос сөз,

әншейін даңғаза. Дүниедегі ең бақытсыз шал менмін. Ойбай-ау, сонау соғыс жылдарынан беріде атамекеніме бара алмай, Қалыбай бұлағынан су ішу қайда, кәусар суына бетімді жуып, ішімді жеген өксікті тарқата алмай өмірден арманда кетіп бара жатқан шалдың сорлысы мен. Менмін, екі ұл! Маған енді мақтау айтқанды доғарындар! Ау, туып-өскен қыстауынан түстік жерде отырып, соның көдесі желкілдеген боз дөңіне аунауға рұқсат алмау деген не сұмдық?! Сол үкімді кім шығарған, қандай нағылет мені ата-бабама құтты қоныс болған қайран жерден айырған?! Кім?! Ау, неге үндемейсіңдер?!

Бізде үн жоқ. Қасым Бегалиннің не ойлағанын білмеймін, ол да жас сорғалаған көзін сүртіп, Дегелеңге мәлие қарады. Ал мен сол бір қатал тежеуді өзім шығарғандай қуыстанып, соны түзетуге дәрменсіздігіме налып, көмірдей қап-қара қалың шашын жұлқылап, бір тал ағы жоқ сақалын көз жасы жуып балаша еңіреп, тұла бойы селкілдеп отырған, күні кеше сергек сияқтанған қартымыз сол сәтте тоқсан жастың өріне шыққандай боп шұмшиіп, әлжуаз кәріге айналғанына қымсынып, өзім де егілген кепте едім...

Сол мезетте елгезек ауыл иесі көмекке келмесе – Қасым екеуміздің күллі денесі селкілдеп, ағыл-тегіл жылаған кексені тоқтатарға, егілген есін дегдігуге шамамыз жоқтау еді...

Дегелең тауының астында жерасты суларының едәуір қоры барын гидрогеологтар 1950 жылдары, Қаражыра көмір кенін зерттеген кезде-ақ анықтаған. «Г» қалашығын тұрғызарда әскери құрылысшылар сол суға ұңғымамен жетіп, төрт қабатты үйлердің тұрғындарының ділгерлігін қажетінше өтеген. Алайда?.. Дегелең тауының астында дүңкілдеген жарылыс жиілеп, саны үш жүзге тақағанда, ғажапты қараңыз, жер астындағы мол су бір қыртыстан екіншісіне көшіп әрі зиянды бөлшектермен уланып, пайдалануға жарамай қалған. Оған қоса жер астында тыңнан пайда болған жырықтар мен қуыстарға ойысып біржола құрыған. Не істеу керек? Бұрғылаушыларды, проходка жасаушыларды, өздерінің жауынгерлерін таза сумен қамтамасыз ету үшін зона бастықтары қыруар қаржы, құрал мен уақыт жұмсап, ауыз суды осы атырапқа Ертістен тартуға мәжбүр болған. Бұл жайт та жайсаң табиғаттың ертелі-кеш қинауға көнбейтінін аңғартады. Сол гәпті тек полигон басшылары ескермеген...

Дегелең қыртысының жарылыстан тозуы әскерилерді Балапан жазығына ауысуға мәжбүрлеген. Ол өңірдің жынысы құмдауыт қабаттар аралас біткен, көбіне саздауыт топырақтан немесе көмір қабаттары аралас ұсақ жыныстан түзілген. Жайдақ жерді тереңге ұңғу тегінде қиын емес. 300-400 метрге тереңдеген ұңғыманың түбіне ядролық зарядты орнатып, оның қасына қажет аспаптарды, кабельді түсіру де оңайырақ. Бұл маңдағы жерасты сулары тереңде емес, небәрі 15-20 метр үстіңгі қабатта жатыр. Оны сусорғышпен алып, ылдиға айдаған (осы маңатта бұрын болмаған, жағасына қамыс өскен шағын көлшіктер, батпақты ойпаңдар сол әрекеттен соң пайда болған). Қысқасы, әскерилер Балапанды меншіктеп, соңғы жылдары осы аймақта 100 ұңғыма дайындаған. Соның 87-сін жерастылық сынаққа пайдаланыпты, 13 ұңғыма іске аспай және беті де жабылмай, ашық күйінде

қалған. Бұл да өзім білемі мол әскерилерге тән дөрекі қылық. Ең қиыны, бұлардың не дейтін қожайын да болмаған...

Өткен ғасырдың соңғы жылдарында осы жерде «Қаражыра» көмір кеніші жұмыс істей бастады (Газданған көмір қоры 2,5 миллиард тонна шамасында, бұл енді бірер ғасырға таусылмайтын қисапсыз мол қазына әрі калориясы жоғары, қызуы мол көмірі қазаншұңқыр әдісімен қазылады. Оны Павлодар, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары жылу қазандықтарына миллион тонналап жаратуда). Жер бетіне өте жақын орналасқан көмір жылғаларын шахта қазбай алу осы аймақтың әскерилер иеленген жылдардағы сұрқай тірлігін күрт өзгертті...

Полигонға қараған жердің күнбатыс шекарасына орналасқан Мыржық сілеміне ұрымтал Сарыөзен алқабында әскерилер небәрі 4 ұңғыма бұрғылаған. Бұл жердің жынысы Балапанға ұқсас. Сарыөзен алаңындағы сынақтар өндірістік тәжірибе үшін жасалған тәрізді. Таза ядролық емес, кәдуілгі дәрімен жасалған қопарылыстар. Мысалы, 1965 жылғы 14 қазанда жасалған жарылысқа небәрі 1,1 кило ядролық заряд жұмсалып, сол заряд 48 метр тереңге түсіріліп, соны жарудан қас қағым сәтте ұзындығы 40-50 метрдей, ені 10 метрге жетер-жетпес жарма тәрізді шұңқыр пайда болған. Шындығында бұл – өндірістік мәні зор таңғажайып эксперимент. Болашақ жарма арнасына, яғни небәрі 5-10 метр тереңге жобаланған шұңқырдың өне бойына кәдуілгі қопарғыш заттар көміледі. Қуаты шағын ядролық заряд жарылып, сол жердің топырағын қопсытып, үлкен үйме жасаудан соң астына жасырылған қопарғыш дәріге от қойылады. Ол болса босаған жер қыртысын экскаватор шөмішімен суырғандай аударып тастап, кәдуілгі жарма (канал) қазылады. Сарыөзен аңғарындағы 1003, 101 және 125-санды ұңғымалар осы әдіспен қопарылған. 1980 жылғы 4 сәуір күні аударылған топырақ үймелері жарылғыш дәрілер күшімен атқылау арқылы кең арналы жарма пайда болған. Бұл енді – жер қазу ісінде қолданылған жаңа әдіс.

Ескерту парыз: Сарыөзен бойындағы осы әдіспен дайындалған жыраларды алғаш көргенде, соның нендей іс үшін дайындалғанын айыра алмаған едім; сол жұмбақты мен мәскеулік «КСРО-дағы ядролық сынақтар» кітабын шұқшия оқудан соң ғана түсіндім; сөйтсем ол жер қазу жұмысына ядролық зарядтарды пайдалануға жасалған тәжірибе сынағы екен...

Медеу Сәрсекке, жазушы, «Семей қасіреті» деректі тарихи кітабының авторы